

Инновация мен
ынтымақтастық
алаңы



2-бет

Жаужүрек жауынгердің
қаламгерлік қырлары



6-бет

Мықтылар
мәре сызығында
жолықты



8-бет

**Құрметті журналистер,
бұқаралық ақпарат
құралдарының
қызметкерлері!**

Кәсіби мерекелеңізбен шын жүректен құттықтауларды қабыл алыңыздар!

Қазіргі қоғамда журналистің рөлін асыра бағалау қиын. Сіздердің, яғни, теледидар, радио, баспа және онлайн-басылымдар қызметкерлерінің арқасында біз күн сайын еліміздегі және одан тыс жерлердегі оқиғалар туралы объективті, өзекті және маңызды ақпарат аламыз.

Бұл мамандыққа жоғары жауапкершілік, шындыққа ұлтылу, белсенді азаматтық ұстаным мен іске деген адалдық тән. Қарағанды облысының журналистері – кәсібиліктің, принципшілдіктің және бейжай қарамайтын азаматтық ұстанымның жарқын үлгісі.

Сіздер азаматтық қоғамды нығайтуға, демократиялық құндылықтарды дамытуға және ұлтты біріктіруге өлшеусіз үлес қосып келесіздер. Журналистік қызмет — ерлік пен ерік-жігері, талант пен барынша беріліп еңбек етуді қажет ететін сала.

Сіздерге мықты денсаулық, шығармашылық табыс, таң тақырыптар мен шынайы ризашылығы мол аудитория тілейміз. Қашан да бойларыңызды күй-қуат, шабыт пен өз миссияларыңыздың маңыздылығына деген сенім серік етсін!

Мерекелеріңізбен!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының әкімі
Нұркен КОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық
мәслихатының төрағасы

• САЛТАНАТ

Сұңқардайын самғағандар



Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев БАҚ қызметкерлерімен және журналистика ардагерлерімен кездесті. Жыл сайынғы «Алтын Сұңқар» байқауының нәтижелері шығарылып, жеңімпаздарға сыйлықтар табысталды. Қарағанды облысы әкімінің БАҚ өкілдеріне берілетін «Алтын Сұңқар» сыйлығы 2006 жылы бекітіліп, жыл сайын саланың үздіктерін анықтап келеді.

 **Жәлел ШАЛҚАР,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Сонымен бірге, «Ерен еңбегі үшін» медалімен «Новое телевидение» арнасы-

ның директоры Руслан Никонович, «Еңбек ардагері» медалімен «SARYARQA» телеарнасының ардагері Рахима Ысқакова марапатталды.

Биылғы жылы «Алтын Сұңқар» бай-

қауына түскен өтінімдердің жалпы саны – 128. Он бір номинация бойынша жеңімпаздар өңірдің журналистік қоғамдастығының дауыс беру нәтижелері және комиссияның шешімі бойынша екі кезеңде анықталды.

Барлығы «Алтын Сұңқар» сыйлығымен 11 номинация бойынша 11 журналист және 1 жеңімпаз облыс әкімінің арнайы сыйлығымен марапатталды.

– Сіздер өңірдегі проблемаларды бірінші болып байқап, не болып жатқанын көрсетіп келесіздер. Кез келген ауа рай-

ында, ыстықта және суықта жедел жолға шығып, жаңалықтарды жариялайсыздар. Кәсіби диалог арқылы бір-бірімізге деген сенім нығаюда. БАҚ арқылы тұрғындарға атқарылған жұмыстар туралы ақпаратты дәл және нақты жеткізіп келесіздер, – деді облыс әкімі журналистерді кәсіби мерекесімен құттықтап.

Сонымен, 2025 жылғы Қарағанды облысы әкімінің «Алтын Сұңқар» сыйлығына төмендегі әріптестеріміз лайық деп танылды.

➤ 2-бет

• БӘРЕКЕЛДІ!

Парасат пен Құрмет

Бұқаралық ақпарат құралдары мерекесі қарсаңында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Қазақстанның Құрметті журналисі Аман Жанғожин «Парасат» орденімен, журналистика ардагері Серік Сексенұлы «Құрмет» орденімен марапатталды.

 **Жәлел ШАЛҚАР,**
«Ortalyq Qazaqstan»

«Ortalyq Qazaqstan» газетінің ардагерлеріне марапатты облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев облыс әкімдігінде мерекеге орай ұйымдастырылған салтанатты жиында табысталды.

Саналы ғұмырын журналистикаға арнаған қаламы қарымды қаламгер Аман Жағдаұлы аймақтың бас басылымы «Ortalyq Qazaqstan» газетінде 40 жылға жуық еңбек етіп, қатардағы тілшіден бастап, бас редактордың орынбасары лауазымына дейінгі жолдан өтті. Оның өткір мақалалары мен еңбекқорлығы кейінгі жас буынға үлгі-өнеге болып келеді. Зейнетке шыққан соң да қаламын қолынан тастамай түрлі толғақты тақырыптарға қалам тартып жүр. Облыстық Ардагерлер кеңесінің жауапты хатшысы қызметімен қоса, қоғамдық жұмыстарға да белсенді алтсалысуда.

Қаламы жүйрік көсемсөз шебері Серік Сексенұлы еңбек жолын Егіндібулақ аудандық «Ленин туы» газетінде бастап, «Ortalyq Qazaqstan» газетінде зейнетке шыққанша табан аудармай 32 жыл табысты еңбек етті. Тілші, аға тілші, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, бас редактордың орынбасары болып, жұмысқа ұқыптылығымен ерекшеленді. Көлемді очерктері, репортаж һәм сараптамалары көзі қырағы оқырман назарынан тыс қалған емес. Әлі күнге өзекті тақырыптарға қалам тербеп тұрады.

– Кәсіби мерекелеріңіз құтты болсын! Журналистикадағы, қоғамдық қызметтегі азын-аулақ еңбегімізді



елеп, Мемлекет басшысының бір газеттегі екі ардагерді құрметтегеніне қуаныштымыз. Облыс басылығына, бізді ұсынған «Saryarqa Aqparat» медиахолдингінің ұжымына алғысымыз шексіз. Қазір жаңа инновациялар енгізілуде. Халыққа адал қызмет етіңіздер. Біздің тілегіміз – сол! – деді «Парасат» орденінің иегері Аман Жағдаұлы.

Жоғары марапатқа ие болған газетіміздің қос ардагерін шын жүректен құттықтап, мықты денсаулық, мол шығармашылық табыс тілейміз!

Мемлекеттік наградаға ие болған газетіміздің қос

ардагері де көп жылдық еңбек жолында бірнеше буын шәкірт тәрбиелеп, өздерінің қаламға, жазуға адалдығынан таймай, көзі қаракты оқырманның құрметіне бөленген қаламгерлер. Олар қазақ баспасөзінің, оның ішінде, Арқа журналистикасының өсіп-өркендеуіне сүбелі үлес қосты. Ешкімге ұқсамамайтын ерекше қолтаңбасымен түрлі жанрда қалам тербеп, елдің мұң-мұқтажына үңіліп, өз ісінің шебері атанды.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ТАБИҒАТТЫҢ ТОСЫН МІНЕЗІ

Бір айлық жауын жауды

«Қазгидромет» мәліметінше, бір тәулікте, дәлірек айтқанда, 3 сағатта Қарағандыда 44,2 мм жауын-шашын түсті. Бұл – айлық мөлшердің (43 мм) 103 пайызы. Қарағанды әкімінің баспасөз қызметінің хабарлауынша, жүктеме күрт көбейгенімен, қаладағы жағдай тұрақты.

 **Аяулым СОВЕТ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

«Ағаштардың құлауына қатысты 7 жағдай тіркелді, көпшілігі жойылды. Оларды кесіп, шығару жұмыстарымен арнайы бригада айналысуда.

Бүгін түнде жауын-шашын салдарын жоюға қалада 80 жол жұмысшысы мен шамамен 60 арнайы техника тартылды. Оның ішінде, 27 су соратын машина бар.

Қазіргі таңда барлық коммуналдық қызметтер мен төтенше жағдайлар департаменті күшейтілген режимде жұмысын жалғастыруда», – деді баспасөз қызметі. Тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылған.

Қалада барлығы 207 бағдаршам бар. Қазіргі уақытта олардың оны істемей тұр. Бұл бағытта да қалпына келтіру жұмыстары жалғасуда. Ақауларды жоюға екі мердігер ұйым тартылған.

Электрмен жабдықтауға келсек, тұтынушылардың басым бөлігі жарықпен қамтылған, бірер өтінімдер ғана қалды. Бұл орайда «Қарағанды Жарық» бригадалары жедел жөндеу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Жұмыстар жауын салдары толық жойылғанға дейін тоқтамайтынын хабарлады қала әкімдігі.

Сұңқардайын самғағандар



(Соңы. Басы 1-бетте)

«Мамандыққа адалдығы үшін» номинациясы «Saryarqa Aqparat» медиахолдингі қарамағындағы «Ortalyq Qazaqstan» газетінің аға дизайнері, іргелі ұжымда ширек ға-сырға жуық талмай еңбек етіп келе жатқан әріптесіміз Шынар Адамбековаға бұйырды.

«Белсенді өмірлік ұстанымы үшін» аталымы бойынша «SARYARQA» телеарнасы директорының орынбасары, Қазақстан Журналистер одағы облыстық филиалының төрағасы Жәнібек Садықанова, «Объектив шебері» номинациясын «5 арна» телеарнасының операторы Дмитрий Оборок жеңіп алды.

«Ауыл тақырыбын үздік жариялағаны үшін» номинациясы бойынша Осакаров аудандық «Sarybel.kz» газетінің бас редакторы Гүлбаршын Аманбаева, ал, «Әлеуметтік тақырыпты үздік жариялау» аталымында Теміртау қалалық «Вечерняя газета» басылымының журналисі Светлана Лебедова марапатталды.

«Өндіріс тақырыбын үздік жариялау» номинациясында облыстық «Индустриальная Караганда» газетінің тілшісі Кирилл Васильев үздік деп танылса, «Алғашқы жетістіктері үшін» номинациясында «Tengrinews.kz» ақпараттық агенттігінің тілшісі Айым Амрина жеңімпаз атанды.

«Жылдың үздік шығармашылық

жұмысы» номинациясы бойынша облыстық «Kazinform.kz» халықаралық ақпараттық агенттігінің меншікті тілшісі Айзада Агильбаева, «Мәнер және атқарымдылығы үшін» номинациясында «Saryarqa Aqparat» медиахолдингі қарамағындағы «Life09.kz» ақпараттық агенттігінің бас редакторы Аяжан Мақан жеңіске жетті. «Әлеуметтік желілердегі өзекті мәселелерді үздік жариялағаны үшін» аталымында «5 news.kz», «Караганда-ретро» паракшаларының әкімшісі Рушан Бараев марапатталды.

Быылғы Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдық мерейтойы аясында «Сарыарқа – достық аймағы» аталымы тағайындалды.

Полиция паркі толықты



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Жаңа техника – қызметтің сапасына оң әсерін берері анық. Қазақстан полициясы күніне орай аймақтың тәртіп сақшыларына су жаңа қызметтік көліктер берілді. Көліктер салтанатты түрде табысталды. Мерекелік жиынға облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев пен облыстық полиция департаментінің қызметкерлері қатысты.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Салтанатты жиында аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев сөз алып, полиция қызметінің маңыздылығы турасында айтты.

– Құрметті полиция қызметкерлері, қадірлі ардагерлер, сіздерді Қазақстан Республикасы Полициясының күнімен шын жүректен құттықтаймын! Елдің амандығы мен қауіпсіздігі үшін басын қауіп-қатерге тіккен сіздерді ер жүрек азамат, шынайы патриот деп білеміз. Қоғамда полицияға сенім ерекше. Тәртіп сақшысы еліне адалдықтың, халыққа деген жанашырлықтың жарқын үлгісі болуы тиіс. Біз сіздерді үнемі қолдаймыз. Сіздерді қолдау – біздің басты міндеттеріміздің бірі. Кейінгі жылдары полицияны қолдауға 9 млрд теңге бөлінді. Бұл жұмыстар жалғасын табады, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Өңірдің тәртіп сақшыларына 16 жеңіл көлік, 2 зертханалық көлік, 1 командалық-штабтық көлік және 4 мотоцикл табысталды. Полицияның сөзінше, берілген 2 оперативті кримина-

листік қозғалмалы зертханалық көлік ең соңғы технологиядағы жабдықтармен жасакталған.

– Оперативті криминалистік қозғалмалы зертханалық көліктер де уақыт талабына сай. Бұл жабдықтар оқиға орын алған жерде қылмысты ашуға мүмкіндік беретін деректерді жылдам анықтауға мүмкіндік береді. Мұнда 3D дрон, түнде көруге мүмкіндік беретін құрылғы, сонымен қатар, криминалистік жарық бар. Криминалистік жарық арқылы қараңғыда саусақ іздерін анықтауға болады. Жер астында жасырылған қару-жарақтарды және көмілген мәйіттерді таба алатын георадар бар, – деді полиция подполковнигі Жанна Шаншарова.

Бүгінгі таңда қала көшелерінде мотоциклдер күрт көбейіп кеткен. Мотоцикл жүргізушісі жол ережесін бұзып, ізін жасыруға әрекеттенген жағдайда көлікпен қуып жету – қиындық туғызды. Облыстық полиция департаменті бастығының орынбасары Нури Дауылбаев қала жолдарындағы қауіпсіздікті сақтап жүрген патрульдер үшін бұл айтарлықтай көмек екенін атап өтті.

• ӨНДІРІС – ӨНІР ӨЗЕГІ

Инновация мен ынтымақтастық алаңы

Қарағанды облысында тау-кен металлургия кешеніне арналған ең беделді халықаралық шаралардың бірі – Mining Week Kazakhstan-2024 көрмесі өтті. Быыл 19 рет ұйымдастырылған көрме әлемнің 12 елінен келген 148 компанияның басын қосып, саланың дамуына серпін беретін басты іскерлік алаңға айналды. Mining Week Kazakhstan көрмесі 2013 жылдан бастап «UFI Approved Event» мәртебесіне ие. Бұл белгі шараның халықаралық стандарттарға сай ұйымдастырылатынын, кәсіби аудиторияның сеніміне не екенін және ұсынылатын деректердің ашықтығын білдіреді.



Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Көрмеде Аустрия, Беларусь, Германия, Италия, Канада, Қытай, Польша, Ресей, Түркия, Финляндия, Чехия және Қазақстан компаниялары өз өнімдері мен қызметтерін ұсынды. Ауқымды экспозицияда заманауи бұрғылау, байыту, өңдеу және тасымалдау жабдықтары, металлургия саласына арналған технологиялар, геологиялық барлау шешімдері мен өнеркәсіптік қауіпсіздік құралдары таныстырылды.

Mining Week Kazakhstan көрмесі – бұл тек техниканың көрмесі емес, өндірушілер мен тұтынушылар, инженерлер мен ғылыми сарапшылар бір-бірімен тікелей байланыс орнататын біртұтас ақпараттық платформа.

Көрменің басты артықшылықтарының бірі – Mining Week Kazakhstan көрмесін ұйымдастыру мен өткізуге Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Геология комитеті, «Тау-Кен Самұрық» ұлттық компаниясы, сондай-ақ, Қарағанды облысының әкімдігі ресми қолдау білдірді.

Ресми серіктес – Тау-кен өндірушілері және металлургиялық кәсіпорындардың республикалық қауымдастығы. Ал, дәстүрлі серіктес – еліміздегі ең ірі тапсырыс беруші – «Qarmet» АҚ.

Бас ақпараттық серіктес – Мәскеуде шығатын «Тау-кен өнеркәсібі» ғылыми-техникалық журналы.

Көрме аясында отандық және шетелдік компаниялар өздерінің өндірістік шешімдері мен заманауи технологияларын ұсынды. Солардың бірі – Чехия Республикасынан келген «Hennlich» ЖШС. Компания өндірістік шығындарды азайтып, экологиялық тұрақтылықты арттыруға бағытталған инженерлік шешімдерді таныстырды. Атап айтқанда, олар шанның таралуын азайтатын арнайы тиеу құрылғыларын ұсынды.

Бұл жабдықтар ұнтақ, көмір, қиыршық тас сияқты сусымалы материалдарды тиеу кезінде қоршаған ортаға зиянды әсерді төмендетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, фильтрациялық қондырғылар мен кен өндіруге арналған жабдықтар да компания өнімдерінің қатарында болды.

– Біз ұсынатын өнімдер қоршаған ортаға зиянды әсерді азайтуға бағытталған. Қарағандыға арнайы алып келген жаңалығымыз – ылғал шашатын зеңбірек. Бұл құрылғы ауаға тұманды перде жасап, шаңның алысқа таралуына жол бермейді. Сонымен қатар, оған арнайы ерітінді құю арқылы зиянкес жәндіктерге қарсы да қолдануға болады, – дейді «Hennlich» ЖШС директоры Мирослав Шик.

Mining Week Kazakhstan-2024 көрмесінде жанартылатын энергия көздерін ұсынған компаниялар да өз өнімдері мен жобаларын таныстырды. Солардың бірі – «Unigreen energy» ЖШС.

Компания күн электр станцияларын салуға маманданған. Бүгінде Қазақстан аумағында шамамен 15 күн электр станциясын іске қосқан. «Unigreen energy» тек нысандарды тұрғызып қоймай, оларды техникалық қызмет көрсетумен де айналысады.

Айта кету керек, кәсіпорынның клиенттерге өндіретін өз зауыттары бар, яғни, жобаларды толық циклде жүзеге асыру мүмкіндігіне ие.

Мұндай жобалар жасыл экономикаға бет бұрған Қазақстан үшін стратегиялық маңызға ие. Қоршаған ортаны қорғау, баламалы энергия көздерін дамыту, және көміртекті азайту – қазіргі энергетика саласының басты бағыттарының бірі екені белгілі.

Жанартылатын энергия көздері бүгінде өндірістік кәсіпорындар үшін тиімді баламаға айналып келеді. Бұл бағытта «Unigreen energy» ЖШС компаниясы өз жобаларын Mining Week Kazakhstan-2024 көрмесінде таныстырды.



Компания өкілі, тау-кен саласындағы сату бөлімінің жетекшісі Иван Волковтың айтуынша, күн электр станцияларының модульдеріне 30 жыл кепілдік беріледі. Алайда, тәжірибе көрсеткендей, олар әлдеқайда ұзақ қызмет етеді.

Компания тек жер үсті станцияларын ғана емес, шатырға орнатылатын күн панельдерін де ұсынады. Мұндай жүйелер Өзбекстанда кеңінен таралған. Сонымен қатар, автономды гибридті энергетикалық кешендер де сұранысқа ие. Онда күн панельдерімен бірге энергияны жинақтау жүйесі, сондай-ақ, дизель немесе газ генераторлары орнатылады. Бұл тәсіл тарифті төмендетуге және энергия тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Энергетика саласындағы отандық әзірлемелер де Mining Week Kazakhstan-2024 көрмесінде

кеңінен таныстырылды. «Энергоскан» ЖШС – осы бағытта 15 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан қазақстандық компания. Олар электр және жылу желілерін, өнеркәсіптік жабдықтарды диагностикалауға арналған заманауи технологиялар ұсынды.

Кәсіпорын мамандары көрме аясындағы дөңгелек үстелде жылу қауауларын анықтайтын бейнвививт (бұзбай тексеру) әдістер туралы айтып берді. Бұл процестер арнайы құрылғылар – тепловизорлар арқылы жүзеге асады. Құрылғылардың портативті (қолға ұсталатын) және стационарлы түрлері бар.

– Компактты тепловизорларды электр энергетикасы мамандары пайдаланады. Олар апат қаупі бар аймақтарды аралау кезінде құрылғы арқылы жабдықтардың қызып кетуін немесе істен шығу қаупін анықтайды. Ал, стацио-

нарлық құрылғылар өндіріс орындарында тұрақты бақылауға қолданылады, – дейді компанияның бренд-менеджері Олег Васюк.

«Энергоскан» компаниясының көрмеде таныстырған тағы бір заманауи шешімі – акустикалық камера. Бұл құрал қысыммен жұмыс істейтін жүйелердегі көзге көрінбейтін, елеусіз ақауларды ерте кезеңде анықтауға мүмкіндік береді.

– Акустикалық камера кез келген ұсақ жарықты, газ немесе ауа шығатын саңылауды дәл тани алады. Ол кейбір жағдайларда, тіпті, тепловизордан бұрын бұзылу белгілерін анықтайды. Мысалы, сорғы қозғалтқышында температура әлі көтерілмегенімен, оның ішкі бөлшектері бұзыла бастайды. Мұндай процестің алғашқы сатысын акустикалық камера «естіп» қояды, – дейді бренд-менеджер.

Бұл технология өндіріс орындарында жабдықтардың жұмысын үздіксіз бақылап, апаттың алдын алуға, жөндеу шығындарын азайтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, акустикалық камера энергия тиімділігі мен қауіпсіздік деңгейін арттыруда маңызды рөл атқарады.

Көрме быыл Қарағандыдағы «Жастар» спорт кешенінде өтті. Кәдімгі спортзал бірнеше күнге өндірістік инновациялар мен технологиялардың орталығына айналды.

Кейбір ауыр техникалар, яғни, экскаваторлар, бұрғылау машиналары мен көтергіш жабдықтар

спортзалдың ішіне сыймаған соң сыртта орналасты.

Бұл – көрменің тарихы мен салмақты дәстүрге айналғанын көрсетеді.

Көрменің ашылу рәсімінде сөз алған облыс әкімінің орынбасары Ермек Алпысов тау-кен металлургия кешені үшін мұндай ауқымды іс-шараның маңыздылығына тоқталды.

– Қарағанды өңірі – еліміздің индустриялық орталығы, тау-кен металлургия саласындағы жаңа технологиялардың шоғырланған нүктесі болып есептеледі. Кәсіпорындар өндірістік қуатты онтайландыру мақсатында үнемі жаңа шешімдер мен заманауи тәсілдерге жүгінеді. Энергия үнемдеу, инновациялық әзірлемелерді енгізу – басты басымдықтардың бірі. Бүгінде экологиялық жауапкершілікке, декарбонизацияға және ESG-стратегияны іске асыруға ерекше көңіл бөлінуде. Көрмеде ұсынылған технологиялар мен жабдықтар өңірдегі өндірістер үшін нақты қолданысқа енеді деп сенеміз. Баршаңызға табысты жұмыс, тың идеялар мен өзара тиімді жобалар тілеймін, – деді Ермек Алпысов.

Оның айтуынша, тау-кен кешені – тек экономиканың іргетасы ғана емес, жауапты өндіріс мәдениетін қалыптастырушы сала. Сондықтан да, Қарағандыда өтіп жатқан Mining Week Kazakhstan-2024 көрмесі тек технология алмасу алаңы ғана емес, сонымен қатар, тұрақты даму мақсатындағы қадамдардың бірі саналады.

Айта кету керек, Mining Week Kazakhstan көрмесінде тауар сатылмайды. Бұл – сауда жәрмеңкесі емес, кәсіби әріптестік орнатуға арналған іскерлік алаң. Мұнда өндірушілер мен тұтынушылар, дистрибуторлар мен инвесторлар технологиялармен танысып, байланыс орнатып, болашақта өзара тиімді мәмілелер жасауға мүмкіндік алады.

Айта кету керек, TNT EXPO – халықаралық көрме компаниясы. 1987 жылдан бастап, ТМД елдерінде 100-ден астам мамандандырылған көрмелер, соның ішінде, Ресей, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Армения, Грузия, Әзірбайжан елдерінде көрмелер өткізді.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ШЕЖІРЕЛІ БАСЫЛЫМ

Өңірдің жүрегіндей соғып тұрған

Бір парақ қағаз. Бір латын әрпі. Бір шынайы сөз. Сол сөзбен басталған тарих бүгінде тоқсанға таяған шежіреге айналды. Әңгіме – қарапайым ғана ауылдың жүрегіндей соғып тұрған «Шет шұғыласы» жайында. Жазуымен халықтың жанына жарық берген, қалың елдің көкейіндегі күбірді қағазға түсіріп, шырақтай жарқыратып келе жатқан басылымның 85 жылдық тарихы бар.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Түбі – таспа, төркіні – тағдыр
1937 жылдың сызды күзі. Кеңестік қоғамның қабағы катулы. Қолмен тігілген қалың портфель ішінде тұңғыш рет латын әрпімен терілген бір бума газет – «Sotsialistik tabs». Бұл – Шет жеріндегі алғашқы үн. Тілі – қазақша. Жаны – халықтікі. Осы алғашқы нөмір жарыққа шыққан күн – аудандағы баспасөздің туған күні.

Сол алғашқы басылымның редакторы Біләл Рысаев болатын. Алайда, аласапыран заман оның тағдырын талқандап, «халық жауы» деген жаламен жазықсыз ұсталып кетті. Тағдырлы тұлғаның орнына Жүніс Ыбышев, Әбдірахман Нұршин келді. Олар да тар жол, тайғақ кешудің төрінен табылды. Бірақ... газет тоқтамады. Тынысы бәсеңдегенмен, үні өшкен жоқ.

Аудандық басылым әр жылдары түрлі атаумен жарық көрді: «Sotsialistik tabs», «Ильич туы», «Заман», ақыры бүгінгідей жарығын шашып, мағынасы мен мазмұны үйлескен «Шет шұғыласы» атауына тұрақтады. Бұл атау жай ғана сөз тіркесі емес – бүтін бір өлкенің рухани сәулесіндей.

Газет редакциясына әр жылдары Қазыкен Түсіпов, Шәкен Мұсаханов, Бақытжан Атшабаров, Іскендір Тәженов, Зәбира Өлікеев, Хамит Лұқпанов, Қасым Орынбетов, Бағдат Мекеев, Қадяккен Бижанов секілді қаламы жүйрік, көзқарасы орнықты азаматтар жетекшілік етті. Әрқайсысы бір-бір дәуірдің тынысын сезіндірді. Ал, Тәуелсіздік таңы атқанда

газеттің тізгінін жазушы Кәмел Жүністергі ұстады. Сол тұста «Ильич туы» секілді ескіліктің елесіндей атау «Заман» болып өз-



геріп, жаңа дәуірдің жаршысына айналды. Газет халыққа жақындап, рухани жаңғыруға бет бұрды.

Қағаз бен сияны серік еткен

Қағаз бен сияны серік еткен, көз майын тауысып жазған журналистер легі бұл басылымда аз

2005 жылы редакторлық қызметке тұңғыш рет нәзік иық, бірақ қайратты жүрек иесі – Қызғалдақ Айтжанова келді. Ол газетке көркемдік, көрегендік, көшбасшылық әкелді. Газет жаңа тыныспен, жаңа мазмұнмен оқырманын баурай түсті. Ұлттық рух пен ауыл тағдырына арналған



Қара сөздің шұғыласы

2021 жылдан басылым жекешеленіп, өз күнін өзі көріп, өз ойын өзі айтатын, тәуелсіз редакция ретінде жұмыс істеп келеді. Газет түрлі-түсті болып, бет-бейнесі заманауи кейіпке енді. Бұл да – уақытпен үндесу, оқырманмен ілесу.

Бүгінде бұл киелі басылымда Мейрам Дәулетбекұлы – құрылтайшы әрі редактор ретінде, Салтанат Жосалбай – жауапты хатшы ретінде, Қалижан Бекқожа – Ақадыр өңірінің тілшісі ретінде, Мейрамбек Нұрғалиев пен Айгүл Мадалиева – беттеу мен техникалық қолдауда адал еңбек етуде.

«Шет шұғыласы» – бұл жай ғана газет емес. Бұл – рухтың шежіресі, уақыттың куәсі, жер мен елдің дауысы. Бұл газет – бір ұрпақтың ойы, бір дәуірдің естелігі. Жыл санап таралымы өзгерер, тақырыптары түрленер, бірақ оның халық алдындағы адалдығы өзгермек емес.

Өйткені, бұл басылым қазақы қара сөздің шұғыласын шашқан рухани шамшырақ. Ол 85 жыл бойы халықпен бірге жасасып келе жатқан жүрек үні. Осы үн енді де өшпесін!

Сурет «Шет шұғыласы» газетінің редакциясынан

• МЕДИА САУАТТЫЛЫҚ

Шындық шекарасы

Ақпарат тасқынына төтеп бере алатын бір ғана құрал – медиа сауаттылық. Әлеуметтік желілер мен мессенджерлерге тәуелді заманда шындық пен өтіріктің ара-жігін ажырату барған сайын қиындап барады. Әсіресе, фейк ақпараттың екпіні халықтың сана-сезіміне ғана емес, елдің тұрақтылығына да қауіп төндіруде. Цифрлық технология мен әлеуметтік желілердің жедел дамуы, интернет қолданушыларының күрт артуы фейк ақпараттың таралуына жол ашты. Соның салдарынан ақиқат пен жалғанды ажырату барған сайын қиындай түскені өтірік емес.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ақпараттық технологиялар бұқаралық аудиторияға әсер етудің жаңа мүмкіндіктерін берді. Әсіресе, нейрожелілер мен жасанды интеллект дамыған сайын жаңа мүмкіндіктерге жол ашылды. Олар деректерді жинауға және талдауға, коммуникацияларды болжауға, мазмұнды синтездеуге және адамдардың пікірлері мен мінез-құлқына әсер етуге қызмет ете бастады. Ал өз кезегінде, технологиялық прогрестің нәтижелерін барлау органдары қаржылық және саяси пайда алу үшін өз мүдделеріне қолданатынын біреу білсе, біреу бейхабар. Қазіргі технологиялар экономикалық және саяси (халықаралық немесе ішкі) процестерге әсер ету, сондай-ақ, ақпараттық соғыстар жүргізу мақсатында БАҚ және әлеуметтік желілер арқылы таратылатын фейк жаңалықтарды барынша пайдаланады. Бұл ретте цифрлық орта жалған ақпарат пен қажетсіздерді лезде және мақсатты түрде тарататын фейк жаңалықтарға, электронды БАҚ-қа, көптеген әлеуметтік желілерге, форумдар мен мессенджерлерге «оң» ықпал етіп тұр.

Жалған немесе фейк ақпарат – шындыққа сәйкес келмейтін, бірақ рас ақпарат ретінде ұсынылып, жұртты адастыруға бағытталған мазмұн. Мұндай ақпарат екі түрде кездеседі: бірінде автор әдейі өтірік ақпарат таратады, екіншісінде жалған деректі білмей таратып, жеке көзқарасты күшейтуді көздейді.

Жалған ақпарат тек адастырумен шектелмейді, ол қоғамдағы тұрақтылыққа, денсаулыққа, тіпті, адамдардың өміріне қауіп төндіруі мүмкін. COVID-19 пандемиясы кезінде интернет беті түрлі «ға-жайып» ем-дом мен дәрі-дәрмекке толып кеткені мәлім. Мәселен, «вирус шашады», «құйрық май вирустан қорғайды», «зімбір ем екен» деген сыңайдағы ақпараттарда есеп болмай кетті. Мұндай ақпараттар халықты дұрыс емес әрекеттерге итермелейді. Аталған өнімдердің бағасы шарықтап, біреулер жалған ақпарат арқасында қалтасын қампайтқаннан басқа еш нәтиже болған жоқ. Пандемияда тараған фейк ақпараттың қауіптілігін Facebook-тің өзі де мойындап, 2020 жылдың екінші тоқсанында жалған ақпаратты қамтитын 7 миллион жазбаны өшіргенін хабарлаған болатын.

Фейк контент көбіне эмоция арқылы адамдарды белгілі бір пікірге немесе әрекетке жетелейді. Қауіптісі де осы. Қандай да бір әлеуметтік қыстықтарға, бассыздықтарға шақыратын ақпараттар ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіреді. Осыған байланысты жағдайды айтарлықтай тұрақсызландыратын және қауіп-қатер төндіретін жалған жаңалықтармен күресу үшін ақпараттық қауіпсіздік саласындағы қызметтің маңыздылығы артып келеді.

2021 жылы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің бастамасымен құрылған Stopfake.kz сайты оқырмандардың медиа сауаттылығын арттыру бағытында жұмыс істеп келеді. Сайт елдің ақпараттық кеңістігінде екі мыңға жуық фейк ақпаратты жоққа шығарды. Оның жұмысының



Сурет ашық деректерден

нәтижесінде карантиндік шектеулер туралы вирустық хабарламалар, COVID-19 вакцинациясының қауіптілігі туралы ақпараттар, 2021 жылғы парламенттік сайлауы туралы жалған жаңалықтар уақытты тексеріліп, халыққа сенімді дереккөзден шыққан хабарламалар ұсынылып отырды. Жоба «Медиаға арналған Медиа» қағидаты бойынша жұмыс істейтінін айта кеткен орынды. Күн сайын сайттағы материалдарды Қазақстанның ірі басылымдары, сондай-ақ шетелдік ақпараттық ресурстар пайдаланады. Бұдан басқа елімізде жарияланған ақпараттардың дұрыс не жалған екенін анықтайтын Factcheck.kz жобасы да жұмыс істейді. Онда ел алдында жүрген тұлғалардың спичтерінде келтірілген деректер мен статистика тексеріледі, сонымен қатар, елдегі болып жатқан оқиғаларға қатысты да ақпараттардың жалған не шын екенін анықтап, көлемді материалдар жарияланады.

Бұл аз десеніз, Қазақстанда көрінеу жалған ақпарат таратқандарға мың айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі айыппұлдан бастап, 7 жылға дейінгі бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған. Бұл Қылмыстық

кодексінің 274-бабында жазылып тұр. Әсіресе, әлеуметтік, діни, этникалық алауыздық тудыратын ақпараттар өте қатты қадағаланады.

Қарапайым адам ақпараттың шын-өтірігін қалай анықтай алады? Сала мамандары бірқатар кеңес ұсынады. Біріншіден, дереккөзге мән беру. Сайт атауы, авторы, мазмұны мен сапасына назар аудару керек. Басқа ақпарат көздерімен салыстырған дұрыс, ақпараттың беделді БАҚ-та немесе ресми органдардың әлеуметтік желілердегі парақшаларында жарияланғанын біліп алу қажет болады. Салынған фото не видеоньң монтаждалмағанына көз жеткізу де маңызды.

Белгілі медиа сарапшы Есенгүл Кәпқызы былай дейді: «Қазақта: «Шайнамай жеген ас қақалтады» деген сөз бар. Неліктен мен бұл мәтелді мысалға алып жатырмын? Өйткені ақпарат тамақ сияқты дұрыс бөліктерді және дозаны тандай отырып, ақылмен тұқият тұтынылуы керек. Бүгінгі таңда ақпараттық кеңістік терең теңіз секілді, тұңғығына батырып әкетеді. Интернетте адам белгілі бір ақпаратты өз мүдделері үшін тарататын әртүрлі саяси

топтардың айла-шарғысына тап болуы мүмкін. Сондай-ақ, қастандық теориялары мен әлемдік конспирология деп аталатын тұзақтардың құрығына түсу қаупі бар. Тексерілмеген, күмәнді ақпараттың халық санасына тікелей қауіп төндіретінін дәлелдеді. Сондықтан, шындықты фейк ақпараттан ажырата білу маңызды, соны үйрену керек».

Ал, оны қалай үйренеміз десек, мектеп пен жоғары оқу орындарында медиа сауаттылық курстарын енгізу, этика және жауапкершілік жөнінде журналистердің білімін арттыру шаралары қолға алынса игі. Ақпараттық қауіпсіздік саясатын мемлекеттік деңгейде күшейту, сондай-ақ, азаматтық қоғам мен үкіметтік емес ұйымдар арасында ақпараттық сауаттылықты дамыту жобаларын жандандыру қажет. Бүгінгі таңда «Масс-медиа туралы» заң аясында мамандарды даярлау курстары енгізіліп жатқанын айтып өтуіміз керек. Мектептерде кәсіби бағдарлау аясында арнайы сабақтар да ұйымдастырылады. Сонымен қатар, цифрлық сауатты дамыту үшін PhD деңгейдегі семинарлар мен бағдарламалар іске қосылды.

Фейк ақпаратпен күрестің ең

Аймақтағы БАҚ ТЫНЫСЫ

Бүгінде Қарағанды облысында әрбір маңызды жаңалықтың сыртында – ондаған редакция, жүздеген қалам иесі мен камера ұстаған мамандар тұр. 2025 жылдың маусымындағы дерекке сүйенсек, аймақта ресми тіркелген 188 бұқаралық ақпарат құралы бар. Оның 157-сі белсенді түрде халыққа ақпарат таратып келеді. Яғни, тұрақты түрде ақпарат таратып, өңірлік және республикалық аудиториямен байланыс орнатып келеді.

Облыстағы бұқаралық ақпарат құралдарының 83 пайызы – жекеменшік және тәуелсіз басылымдар, телерадиоарналар мен онлайн-платформалар. Бұл көрсеткіш медиа саласының диверсификацияланғанын, әрі еркін бастамалардың басым бағытқа айналғанын көрсетеді.

Ал, мемлекеттік меншік нысанындағы БАҚ саны айтарлықтай аз, олар негізінен ресми хабарлар мен өңірлік саясатты жария етуге бейімделген.

Облыста жұмыс істейтін ақпарат құралдарының басым бөлігі қоғамдық-саяси бағыттағы басылымдар, мәдени-танымдық және салалық журналдар, жергілікті жаңалықтар порталдары, аймақтық телерадиоарналар, цифрлық медиаплатформалар мен әлеуметтік желілерде белсенді жобалар.

Бұл құрылым өңірлік БАҚ-тың тек хабар таратушы ғана емес, сарапшы, бағыттаушы, қоғамдық пікір қалыптастырушы күшке айналғанын көрсетеді.

Өз тілшімізден

• БІЗДІҢ СҰХБАТ

Ұлттық баспасөз: үйлесім мен өзгеріс

Масс-медиа күніне орай қазақ баспасөзінің тарихын зерттеуші-ғалым, медиатренер Мейрамхан Жәпек ханыммен сырлы сұхбат өрбітіп, ұлт баспасөзінің тарихы мен бүгінгі даму үрдістерін терең талдауға харекет еттік. Мейрамхан Сағынқызы ұлттық журналистиканың маңызын, оның рухани құндылықтарды сақтаудағы рөлін жан-жақты саралап, жана медиа дәуірінде ұлттық идеяны насихаттаудың тиімді жолдарын қоса ұсынды. Бұл соны ойлар әл-әзіргі қазақ баспасөзінің болашағына көз жүгіртіп, жастарға бағыт-бағдар береді. Туабітті болмысымызды сақтауға, руханиятымызды өркендету жолына желі тартқан әсерлі әңгіменің куәгері болыңыз, мәртебелі оқырман...

— Қадірменді Мейрамхан Сағынқызы, саналы ғұмырыңызда қазақ баспасөзінің қарлығаштары — «Түркістан уәлаяты», «Дала уәлаяты», «Қазақ» газеті сынды ұлт үнжариясын терең зерделеген санаулы жандардың қатарындасыз. Әңгімеміздің әлқиссасын осы тұстан бастасак. «Бұрынғы мен бүгінгіміз» үйлесімді ме?

— Қазақ баспасөзінің тарихы мен оның дамуы, әсіресе «Түркістан уәлаяты», «Дала уәлаяты», «Торғай газеті», «Серке», «Қазақ», «Қазақстан», «Бірлік туы», «Өртен», «Жас Алаш», «Ақжол», «Сарыарқа», «Қазақ тілі», «Ұран», «Алаш», «Жас азамат»,

етті. Жоғарыда аты аталған басылымдар сияқты қазіргі қазақ баспасөзі де ұлттық мүдені көздейді. Сонымен қатар, өткен мен бүгінгі қазақ баспасөзі әрқашан саяси пікірлер мен қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді көтеріп, халықтың өз даусын жеткізуге тырысты. Ал, өткен кезең мен бүгінгі күннің арасындағы айырмашылық ретінде, интернет пен цифрлық технологиялардың дамуы баспасөздің таралуын және ақпараттың жылдамдығын арттырғанын айтуға болады. Сондықтан да, қазіргі баспасөз мультимедиялық контент, әлеуметтік желілер, интерактивтілік сияқты жана форматтар арқылы таралды, яғни, баспасөз

Азаттық, Тәуелсіздік тақырыбы ашық айтылмаса да там-тұмдап санаға сіңірілді. Мәселен, бір ғана «Дала уәлаятының газеті» «Бақыт деген не?» деген аңызда абақтыда отырғандардың қиялына ерік береді. Бір тұтқын «сұлу әйелі бар адам бақытты» дейді, келесісі «берен мылтығы, қыран бүркіті бар адам бақытты», енді бір тұтқын «бай адам бақытты» деп сөз таластырады. Сонда олар дауласып-дауласып, бір-бірін сөзбен жеңе алмасын біліп, сөзге араласпай өзімен өзі отырған адамнан сұрайды, әлгі адам: «басында азаттығы бар адамның бақыты пенде жоқ шығар» деп айтады. Дау-



белсенді қатыса алады, өз пікірлерін білдіреді алады. Цифрлық дәуірде медиа сауат жастарға әлеуметтік желілер мен онлайн платформаларда жауапкершілікпен әрекет етуге мүмкіндік береді. Сондықтан, медиа сауаттылықты дамыту — қазіргі қоғам үшін өте маңызды міндет.

— Қазіргі қазақ журналистикасында салмақты публицистика мен жеңіл-желпі контенттің ара салмағы қандай? Баспасөздің миссиясы мен жауапкершілігі қандай болу керек деп есептейсіз?

— Қазіргі қазақ журналистикасында салмақты публицистика мен жеңіл-желпі контенттің ара салмағы теңгерімсіз. Жеңіл контент көпшілікке танымал болғанымен, салмақты публицистика ұлттық мәселелерді көтеру, қоғамды ойландыру және ақпараттандыру үшін аса маңызды. Ұлттық баспасөздің миссиясы — қоғамды ақпараттандыру, білім беру және ұлттық құндылықтарды насихаттау, ал жауапкершілігі — шындықты айту, әділдік пен адалдықты сақтау.

— Қазақ руханиятын терең зерделеген адам ретінде әдебиет, өнер және тарих салаларының қазіргі жағдайы туралы пікіріңізді білгіміз келеді. Бұл салалар қоғамымызда өз орнын тауып отырма?

— Қазақ әдебиеті, қазақ өнері және тарих — бұл салалар ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда, мәдени мұрамызды сақтауда және жастарға рухани азық беруде үлкен маңызға ие — темірқазық. Әдебиетте жана буын авторларының шығармалары, заманауи тақырыптарды қозғап, қоғамның өзекті мәселелерін көтеруде. Өнерде де, әсіресе, бейнелеу өнері мен музыкада, ұлттық дәстүрлер мен заманауи бағыттардың синтезі байқалады. Тарих саласында, әсіресе, Тәуелсіздік алғаннан кейін, ұлттық тарихымызды қайта қарау, зерттеу және насихаттау жұмыстары белсенді жүргізіліп келеді. Бұл бағытта жастардың қызығушылығы артып, тарихи сананың қалыптасуына ықпал етіп отыр. Дегенмен, бұл салалардың дамуы үшін мемлекеттік қолдау, білім беру жүйесінде ұлттық құндылықтарды насихаттау, сондай-ақ, жастардың шығармашылық әлеуетін дамыту аса қажет.

— «Ұлттың ұяты — руханиятында» деген ұстаным жиі айтылады. Осы тұрғыдан алғанда, руханият пен ұлттық идеяның болашағы туралы көзқарасыңыз қандай?

— Қазақ руханияты мен ұлттық идеяның болашағы, сондай-ақ, ұлттық құндылықтарды сақтау мәселелері қазіргі қоғамда өзекті тақырыпқа айналған. Руханият пен ұлттық идеяның болашағы — жастардың қолында. Оларды тәрбиелеу, ұлттық құндылықтарды насихаттау, және рухани байлықты сақтау — біздің ортақ міндетіміз. Осы бағыттағы жұмыстар тоқтамау керек.

— Ұлттық құндылықтар мен жаһандық трендтердің үйлесімі қалай болуы тиіс? Қазіргі уақытта ұлттық болмысты сақтап қалудың ең тиімді жолдары қандай?

— Менің түсінігімде ұлттық құндылықтар мен жаһандық трендтердің үйлесімі — бұл мәдени алмасу мен диалог. Біз ұлттық болмысымызды сақтап қалу үшін жаһандық мәдениетпен интеграциялануымыз қажет, бірақ өзіміздің ұлттық ерекшеліктерімізді ұмытпауымыз керек.

— Мейрамхан Сағынқызы, өзіңіз сияқты ұлтмыздың ұлы мұрасын зерттеп, қазақ руханиятының қайта жандануына үлес қосып жүрген тұлғаларға әрдайым тәжіім етеміз. Ұмытылмас тағылымды әңгімеңізге риясыз рахметімізді айтамыз!

Сұхбаттасқан
Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Қолжазба жасаған А.Коктева

«Жетісу», «Тіршілік», «Ұшқын» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газеттері мен қолжазба «Садақ» журналы мен «Айқап», «Шолпан», «Сана» журналы және де басқа басылымдар арқылы ұлттық сана мен мәдениеттің қалыптасуына айрықша әсер етті.

Дегенмен, баспасөздің, публицистиканың бастауы тым әріде жатқаны ақиқат. Оған бір ғана Тоныкөк, Күлтегін заманында, Орхон Енесай жазбаларында Білге қағанның: «Мен бай халыққа хан болып отырмадым. Ішерге тамағы, киерге киімі жоқ, аянышты, төмен халыққа хан болып отырдым. Сонша құрап, біріккен халықтарды от пен су етпедім, олармен тіл табысуға ұмтылдым. Адал халқы мен адал қоғамы бар жерде мен жақсылық жасадым. Әлемнің төрт бұрышындағы халықты бейбітшілікке шақырдым, жауластырмадым, олардың бәрі маған бағынды» деген ұстын сөздері дәлел.

«Бұрынғы мен бүгінгіміз» үйлесімді ме?» деген сауалыңызға оралар болсақ, қазіргі мен бұрнағы баспасөздің арасында көптеген ұқсастық мен айырмашылық бар. Бастабында баспасөз ұлттық мүдені қорғау, халықтың білімін арттыру және мәдениетті насихаттау мақсатында қызмет

мазмұндық тұрғыда байыды. Осы заманғы технологиялар мен медиа құралдары баспасөздің форматын, мазмұнын және аудиториямен байланысын өзгертуге мәжбүр етуде.

Қалай болғанда да бұрынғы мен бүгінгі баспасөздің негізгі мақсаты — халыққа қызмет ету, ұлттық құндылықтарды сақтау әрі дамыту.

— Қазақ баспасөзі ұлттық идеяның, тәуелсіз рухтың алтын діңгегі болды. Ал, қазір заман өзгерген тұста бұл идея қалай жалғасын табуда? Жаңа медиа дәуірінде ұлттық құндылықтарымызды насихаттауда нені ескергеніміз жөн?

— Қазақ баспасөзі, әсіресе «Түркістан уәлаяты», «Дала уәлаяты» және «Қазақ» газеттері ұлттық сана мен тәуелсіздіктің негізін қалаған. Алдыңғы екі басылым патша саясатын бұқараға насихаттаушы ретінде жарыққа шыққанымен, озық ойлы азаматтардың жетекшілігімен ұлт санасын оятуға өлшеусіз үлес қосты. Бұл басылымдар арқылы халық ауыз әдебиеті, батырлар жыры, дастандар, қисса-жырлар кеңінен насихатталды. Ертегілердің қаһарман кейіпкерлері, аңыздардағы қисындары факциялар, от ауыз, орақ тілді би-шешендеріміздің өнеге сөздері арқылы Еркіндік,

ласқандар мұның сөзінің шындық екенін қолдап-қуаттайды. Міне, осы аңыз арқылы газет қалың оқырманға Азаттық, Тендік, Еркіндік ұғымын сіңіреді. Немесе «Ең бақытты адам кім?» деген аңызда «сонау Афины шаһарында тұратын адам бақытты» деп жауап береді. Себебі, ол адам саламатты өмір сүрді, ұрпақ өрбітті, балаларына тәлімді тәрбие, терең білім берді» дейді, яғни, «Бақытты адам — білімді адам» деген ойды айтады.

Бүгінде ұлттық идея жаңа медиа платформалар арқылы насихатталу үстінде. Әлеуметтік желілер мен интернет ресурстары ұлттық құндылықтарды насихаттаудағы жойқын күш. Бұл жерде халқымыздың құнты құндылығын насихаттайтын контенттің сапасы мен тереңдігі ауқымды рөл ойнайды. Сонымен қатар, блогтарда, онлайн платформаларда аудиториямен тікелей диалог құру маңызды. Визуалды контент, видео, подкасттар арқылы кастерлі қазынамызды жеткізу тиімділігі артып келеді. Қазіргі жастар қазақ тілінен басқа, ағылшын, қытай, корей, жапон, француз, т.б. тілдерінде де контент жасау арқылы кең аудиторияға жетіп, танылып келеді. Осы тұрғыда айтарым, ұлттық идеяны жаңаша форматта, заманауи технология-

• ГАДЖЕТ

Медиакеңістік көкжиегі

Қазір төңіректе не болып жатқанын білу үшін бұрынғыдай газет-журналды күтіп отырмайсыз. «Теледидардағы кешкі жаналық қашан басталады?» деп те телірмейсіз. Қолыңызға салмақ салмайтын, қалтаңызға оп-оңай сыйып кететін гаджет 10 минут бұрын басқа құрлықта не болғанын жеткізеді. Гаджетке қарағаныңыз — жаһан дидарына қарағаныңыз. Ақпараттар алуан түрлі форматтарда тарайды. Жалпы айтқанда, журналистика әлемінің көкжиегі уақыт өткен сайын кеңейіп келеді. Цифрлық ғасыр көшіне ілесіп, трансформацияланып барады. Дәуірі жүріп тұрған әлеуметтік желілер — бүгінгі журналистиканың ажырамас бөлігіне айналды. Ақпарат саласы майталмандарының ең қажетті құралы.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінгінің тренді

Қазір интернет кеңістігінде, анығырақ айтсақ, YouTube желісінде бес, немесе, одан көп адамды бір ортаға жинап, подкасттар көп түсіріліп жатыр. Заманауи тілмен айтсақ, бүгінгі күннің тренді. Подкаст — кез келген уақытта, кез келген жерде тыңдауға болатын аудио бағдарлама пішімі. Подкасттарда белгілі бір тақырыпты талқылайды. Подкасты тыңдау арқылы түрлі спикерлерден қаншама мәлімет аласыз. Мұнда ресмилік

болмайды. Бір үстелге жинала қалып, бір тақырыпта әңгімелесе бастайсыз. Декорациясына да ерекше мән беріледі. Сыртыңыздан камера түсіреді. Кәдімгі еркін әңгіме. Көп операторды да, режиссерді, алып студияны талап етпейді. Қарапайым пәтерде, немесе, дизайны жақсы мейрамхананың аядай бұрышында түсіріле береді.

«Подкаст» термині 2004 жылы журналист Бен Хаммерсли The Guardian газетіне арналған мақалада аудиофайлдарды интернет арқылы таратудың жана әдісін сипаттаған кезде пайда болды. «Подкаст» сөзі — «iPod» (Apple-дің та-

нымал ойнатқышы) және «broadcast» (хабар тарату) тіркесімі. 2000 жылдары RSS (Really Simple Syndication) сияқты технологиялардың дамуымен пайдаланушылардың құрылғыларына аудиофайлдарды автоматты түрде жаңарту және жүктеу мүмкін болды. Алғашқы подкасттар осы тұстан бастау алды. Сөйтіп, подкаст бұл күнде ақпарат әлемінің бір бөлшегіне айналды.

Подкасты бұл күнде Қарағандының журналистері мен белгілі блогерлері жүргізуде. Мәселен, «Saryarqa aqparat» медиахолдингінің құрамындағы «Life09» ақпарат агенттігі де «Арқа-жарқа» деген

подкаст түсірген. Осы алаңда облысымыздың белді де беделді тұлғалары ашық әңгіме жасап, канал мыңдаған көрермен жинаған. Белгілі журналист Айсұлтан Жақып та «Қара жәшік» деген подкаст жүргізді.

Н.Гоголь атындағы облыстық кітапхананың мамандары да кітап оқуды насихаттау мақсатында өз подкасттарын түсіреді. Жалпы, аймақтағы кітапханалардың бәрінде дерлік осындай жобалар құрылған. Кітапханашылар «Бұл — кітап оқуды насихаттаудың тиімді тәсілі» дейді.

Тиімді құрал

Әлеуметтік желілер бүгінгі журналистиканың алаңына айналды. Елде, жаһанда не болып жатқанын видео форматында көресіз. Мәселен, ең жиі қолданылатын Instagram, Facebook, TikTok секілді желілерде өзінің парақшаларын

жүргізіп отырғандар көп. Әрқайсы өз қарым-қабілетіне қарай ақпарат береді. Бүгінгі таңда мәтіндер мен видеоматериалдар әлеуметтік желілердің форматына сай ықшамдалып бара жатқанын да атап өткіміз келеді.

Газет-журналдар да заман көшіне ілескен. Мәселен, «Ortalyq Qazaqstan» газетіне басылған әр материал Instagram, Facebook желілеріне жүктеледі. Тұтас нөмірді телефоныңызға PDF нұсқада жүктеп, оқи аласыз. Газетте осы бағытта жұмыс істейтін тұтас бөлім бар. Мұндағы мамандар аймақтың бас басылымына жазылған әр материалды аз уақыт ішінде әлеуметтік желілерге жүктейді.

Қорытындылай айтсақ, цифрландыру журналистиканы трансформациялап, тұтынушыға жеткізу тәсілін өзгертуде. Уақыт өткен сайын ақпараттың жету жылдамдығы да артып келе жатыр.

• ТІКЕЛЕЙ ЭФИР

Ақпарат айдынындағы айқын арна

Қарағандыда орналасқан өңірлік медиакеністіктің белді өкілі «Новое Телевидение» – радио мен теледидардың бірігуінен туған конвергентті журналистиканың жарқын үлгісі. Ақпараты күн сайын жанаратын елдегі жетекші өңірлік телестанция облыс аумағында кең танымал. Көрермендер сеніміне ие болған өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарының бірі өз жұмысын 2004 жылы бастаған. Бүгінде аймақтың қоғамдық-саяси, әлеуметтік және мәдени өмірін жан-жақты қамтып, көрермендерге шынайы әрі сапалы ақпарат ұсынуда.

Аяулым COBET, «Ortalyq Qazaqstan»

«Новое Телевидение» – бүгінде өңір елтаңбасындай танылған кәсіби арна. Оның қуатты жобаларының алдыңғы қатарлы болуы, сапалы цифрлық форматқа өтуі мен ұлттық деңгейге шығуы – Қазақстандағы өңірлік медианың үлгілі мысалына айналды. Қазіргі таңда арна 4K сапасымен, ерекше әлеуметтік бағдарламалар-

ратуына, әсіресе, жастар арасында танымал болуына жол ашты. Ұжым қызметкерлері әдеттегі және тұрақты тікелей эфирге қоңырау шалудан және мессенджерге хабарламалардан басқа, тыңдаушылардан, туған қаласынан алыстағандардан хаттарды жиі алатынын айтады. Өңірде болып жатқан оқиғалар туралы жылы тілектер жазылған электрондық хаттар келеді.

гиялар мен онлайн форматты меңгеру арқылы ақпарат тарату шекарасын кеңейтіп, әлеуметтік желілерде белсенділігін арттырып отыр.

– «Жаңа радионы» «Жаңа FM» әлемнің кез келген нүктесінен онлайн тыңдауға болады. «Алиса, жаңа FM қосыңыз» деп айтсаңыз немесе сайтта www.zhanafm.kz деп терсеңіз, 9 сағаттық тікелей эфирді тыңдай аласыз. Радио мен теледидардың бірігуінен құралған станция аумақты кеңінен қамтитын жедел ақпарат көзі



«Жаңа FM» радиосының директоры Рустам Жамильханов пен режиссер Никита Корнотовский аптаның жоспарын талқылауда

мен және заманауи контент саясатымен танылып отыр.

Арнаның директоры, облыстағы беделді медиаменеджер Руслан Никоничтің басшылығындағы ұжым телеарнаның жұмысын жандандыруда. Телеарнаны тарату негізінен өз өндірісінің ақпараттық-ойын-сауықтық мазмұнына негізделген. Эфирде күнделікті 9 сағатты құрайтын реалити-шоу, балалар бағдарламалары, деректі бағдарламалар жазылады.


Реалити – бұл теледидарда тікелей эфирде көрсетілетін бағдарламалар. Телеарнаның редакциялық саясаты теледидар экрандарынан сөйлеуге, кең аудиторияны және бірден бірнеше буын көрермендерін біріктіруге мүмкіндік беріп отыр. Бұл «Новое Телевидение» тек жаңалықпен шектелмейтінін білдіреді. Мұнда жас буынға бағытталған танымдық жобалар, ел бірлігін насихаттайтын мазмұнды хабарлар, кәсіпкерлікті, мәдениетті, білім мен денсаулықты қамтитын тақырыптар кеңінен көтеріледі.

«Новое Телевидение» директорының сөзіне сүйенсек, телеарнаның тақырыптық бағыты – елдің қоғамдық өмірін танымдық және ойын-сауық бағдарламаларында жариялау, музыкалық-интерактивті, тақырыптық телерадио жобаларын шығаруға негізделген.

– «Жаңа FM» радиосы адамдар арасындағы байланысты нығайта отырып, сәлемдеме мен құттықтауларды жеткізеді. Журналистер өз ісінің әуесқойларын тікелей эфирге шығарады. Байқағанымыздай радиода бір күнін өткізген кез келген адамның эфирде сөйлеуге қызығушылығы артады. Оған қоса, мұнда 90-шы және 2000-шы жылдардағы «хиттер» ғана емес, қонақтармен бірге эфирді қызықты ететін инфотейнмент форматы жұмыс істейді, – дейді «Жаңа FM» радиосының директоры Рустам Жамильханов.

Жалпы «Новое Телевидение» ұжымы кәсіби журналистерден, операторлар мен техникалық мамандардан жасакталған. Бүгінде олар заманауи телевизиялық технологияларды пайдалана отырып, аймақ жаңалықтарын жедел әрі сапалы форматта ұсынуға ұмтылады. Телеарнаның сондай-ақ, әлеуметтік желілер мен интернет платформалар арқылы жұмысы белсенді жүріп тұр. Бұл арнаның ақпаратты кең аудиторияға та-

Арна эфирінен берілетін жаңалықтар топтамасы мен авторлық бағдарламалар – өңірдегі әлеуметтік-экономикалық, мәдени және саяси ахуалдың айнасы. Журналистер тобы күн сайын тың жаңалықтарды ұсынуға, қоғамда өзекті мәселелерге назар аударуға тырысады.



Техникалық жарактандыру жағынан да телеарна дамудан кенде емес. Цифрлық техноло-

болып қала береді. Дәстүрлі БАҚ интернет болмаған кезде де халықты хабардар ете алады, – дейді Руслан Никонич.

«Жаңа радио» бүгінде №216 «ОТАУ TV» спутниктік сегментінде және Қарағанды және Теміртау эфиріндегі 101,2 FM жиілігінде, Жезқазған және Сәтбаев қалаларында 106,6 FM жиілігінде, Степногорск қа-

ласында 104.8 FM жиілігінде, Ақкөл қаласында 107.8 FM жиілігінде, Ақкөл қаласында 107.8 FM жиілігін-



«Новое Телевидение» директоры, облыстағы беделді медиаменеджер Руслан Никонич

де, Қонаев және Есік жиілігі 103,2 FM, Балқаш қалаларында жиілігі 107,4 FM, Баянауыл жиілігі 104,7 FM және Қарағайлы (Қарқаралы) жиілігі 101,3 FM тарайды.

Қазіргі таңда Петропавл қаласында 100,8 FM жиілігі және Осакаровка кентінде 107,5 FM жиілігі бойынша хабар тарату жұмыстары жалғасуда.

– Менің қызметім радиостудиямыздағы бірнеше камераның жұмысын қадағалап, телеканал

экраны үшін эфирге әдемі картина ұсынуға негізделген. Он бір жылдық қызмет өтілімде қиындықтар болды деп айта алмаймын, керісінше жұмысым өзіме ұнайды. Қазіргі таңда заманауи камералармен жұмыс істейтіндіктен, оларды көзді жұмып басқаруға болады, – дейді режиссер Никита Корнотовский.

Бүгінде телеарнаның басты мақсаты – халық пен билік арасындағы байланысты нығайту,

өңірде болып жатқан маңызды оқиғалар мен өзгерістер туралы дер кезінде хабарлау. Арна эфирінде жаңалықтар топтамасы, авторлық бағдарламалар, талдамалық жобалар, сондай-ақ, мәдени-танымдық бағыттағы хабарлар тұрақты түрде көрсетіледі. Ақпараттық-сараптамалық бағдарламалар – «Новости», «Детали», «Темы дня» жаңалықтар мен сараптамалық шоулар арқылы облыста және қалада болып жатқан маңызды оқиғаларды жедел әрі нақты түрде көрерменге жеткізеді.

Сондай-ақ, әлеуметтік бағыттағы жобалар да тұрақты эфирде. Бұл бағдарламалар тұрғындарды толғандырған тұрмыстық, құқықтық және медициналық мәселелерді көтеріп, мамандар пікірін ұсынып, пайдалы кеңестер береді.

Мәдени-танымдық бағыттағы «Лица», «Городская среда», «Наши дети» сынды жобалар жергілікті өнер, мәдениет және білім саласына үлес қосып жүрген тұлғаларды таныстырып, жастарға мотивация береді. Ал, спорттық шоулар мен арнайы репортаждар аймақтағы спорт жетістіктерін, жас спортшылардың жетістігін жариялап отырады. Сонымен қатар, кәсіпкерлік пен ауыл шаруашылығы жайлы арнайы жобалар да арна эфирінен түспейді.

Ток-шоулар мен ток-сериалы бар, сонымен қатар, өңірлік және халықаралық спорт, мәдениет оқиғаларын тікелей эфирден көрсетумен ерекшеленеді. «Три товарища», «Слово и Дело», «Твое кино», «Зелёная волна» сынды уникалды шоу-жобалар эфирге шыққан.

– Әлемдегі және еліміздегі атаулы күндер, мерекелерге орай бағдарламаны ерекше форматта ұсынуға тырысамыз. Тақырыпқа



Студияда «Халықаралық мотоциклист күні»



«Новое Телевидение» ұжымы

орай қонақтарды шақырамыз. Мысалы, бүгін әлемдік мотоцикл жүргізушілерінің күні. Осыған орай, эфирде мотоцикл жүргізушілері өздерінің хоббиінің ерекшеліктерін айтады, – дейді «Три товарища» бағдарламасының жүргізушісі Галина Польских.

Телеарна әлеуметтік желілер мен интернет платформалар арқылы да белсенді жұмыс жүргізіп келеді.

Аймақ тынысын дөп басып, халықпен бірге тыныстайтын «Новое Телевидение» – Қарағанды өңірінің шынайы үніне айналған бірегей ақпараттық алаң. Еліміздегі конвергентті журналистиканың дамуына зор үлес қосып отырған «Новое Телевидение» телеарнасы алдағы уақытта да өз миссиясын жүйелі түрде жалғастырады. Төртінші билік өкілдері көрермен сұранысына сай мазмұн ұсынуға ерекшелікке ұмтылады. Ұжым кәсіби тілшілер мен операторлардан құралдықтан, өңір тынысын дөп басып, қоғаммен бірге дамуға ұмтылатын медиатоп. Телеарна бағдарламалары YouTube және әлеуметтік желілерінде де қолжетімді болғандықтан, бұл көрерменмен байланысты нығайта түскен.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДИҒАЛЫМ

• ҚАҺАРМАН ҚАЛАМ

Жаужүрек жауынгердің қаламгерлік қырлары

Аманжол Бұқарбаев – газетіміздің негізін қалаушылардың бірі

Біз, қазақ деген жұрт, өшкенімізді жандырып, өлгенімізді қайта тірілтіп жатқан халықпыз. Басымызға түскен қилы дәуреннің салдарынан және өз ұқыпсыздығымыздан тарихымызды қайра жазып, небір дүлділерімізбен қайра қауышып жатырмыз. Тіпті, алысқа бармай-ақ өткен ғасырдың 30-40-жылдары, сауатымыз ашылған тұста қапта-тасқан өз газетіміздің ақпаңдақтарын әлі күнге дейін толық аша алмай келеміз.

Қаламгер әріптестеріммен бірге газетіміздің төл тарихымен айналысып келе жатқанымызға отыз жылдай болыпты. Нәтижелері газеттің мерейтойлық сандарында жарияланып, «Аймақ өмірінің айнасы» (1997 ж.), «Ақпарат айдынында» (2001 ж.), «Сексен жыл халықпен бірге» (2011 ж.), «Токсан жыл топта толғаған» (2021 ж.) жинақтары мен «Орталық Қазақстан» – 80 жыл. Бұрын, кеше және бүгін» (2011 ж.) ақпараттық анықтамалығына топтастырылды. Ізденістер бұдан кейін де жалғасын табуда. Өмір өз өзгерістерін енгізуде. Бізді әсіресе көмескі тартқан ойранды отызыншы жылдар мен қасіретті қырқыншы жылдарға қатысты қаламгерлер тағдыры алаңдатады.

Көзі қарақты оқырманның есінде болар, әріптесіміз, белгілі газетші әрі тележурналист Гүлнар Бұқарбаеваның ізденістері арқасында осыдан төрт-бес жыл бұрын өзінің туған атасы Аманжол Кұсайынұлы Бұқарбаевтың Ұлы Отан соғысы жылдары көзсіз ерлік көрсеткені анықталып, алған марапаты – І-дәрежелі Отан соғысы орденінің куәлігі туыстарына тапсырылды, құрметіне Қарқаралы білім бөлімінің ғимараты қабырғасына мемориалдық тақта орнатылды. Жаужүрек жауынгер соғыстың алдында Егіндібұлақ және Қарқаралы аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі болған екен. Атасы жерленген Словакия жеріндегі Саса деревнясына барып, тағзым етіп те қайтқан. Ол ол ма, архив құжаттарынан Аманжол ағамыз



Қарағанды баспасөзінің қарашанырағы – қалалық «Қарағанды пролетариаты», қазіргі облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде 1931-1932 жылдары көмір секторының меңгерушісі болғандығын да анықтайды. Есімін сол кезде газеттің 90 жылдығы құрметіне дайындалып жатқан «Токсан жыл топта толғаған» жинағында енгіздіретеді. Тіпті 2021 жылы кезінде газетте өзі көтерген тақырып – жақын туысы Алаш қозғалысының арысы Имам Әлімбеков пен майдангер атасы туралы бұқаралық ақпарат құралдарында жарыққа шыққан материалдарды құрастырып, «Тағзым» атты жинақ та шығарады. Онда Гүлнардың бастамасымен ертеректе газетке шығартқан Аманжол атасының майданнан отбасы мүшелеріне жазған жүрек тебірентерлік хаттарының аудармасы мен орысша нұсқасы да келтірілген екен. Атасының ерлігін мәшһүр етіп, есімін мәңгі есте қалдыру шаралары жолында жарғақ құлағы жастыққа тимей жүрген жайы бар...

Гүлнар қарындашымыздың бұл әрекеттерін өз басым ерлікке баладым. Бірақ газет тарихын зерттеуші ретінде көңілде бір түйткіл қалып қойды. Осы қыста облыстық ардагерлер кеңесінде әжелер байқауын өткізерде әріптесіммен кездесіп қалып: «Атаңыздың газетте қызмет істегеніне қандай



дәлелін бар?» деп кәдімгі тергеуші немесе прокурор сияқты сұрақ қойғаным бар. Гүлнар күмілжіп: «Еш дәлелім жоқ, – деді архивтен табылған кадрларды тіркеу жөніндегі паракшапанда басқа». Қолында газетте жарияланған материалдарының көшірмесі бар ма дегенім ғой. Онсыз қаламгердің еңбегін қалай бағалап, дәлелдейсін?

Ойыма бірдеме сақ ете түсті де, «Жарайды, ертең келші, мен үйдегі қағаздарымды қарап көрейін», – дедім. Үйдегі «архивімде» сонау Рамазан Сағымбеков редакторымыз тұсынан сақталып қалған, Мәскеудің В.Ленин атындағы мемлекеттік кітапханасынан аманат етіп алдырған газетіміздің 1932 жылғы 2 қыркүйектегі санының фотокошірмесі бар еді. Бар үмітім сол. Әйтпесе 1932 жылғы тағы бір-екі санының өзім Алматыдағы Ұлттық кітапханадан түсіріпті алған көшірмелерінде ол кісінің материалдары жоқ екенін білемін. Қарасам, мұндай қуанбасып, он жақтағы үш бағана түгел Аманжол Бұқарбайұлының материалдары. Бәрі көмір өндіруге арналғандықтан түгел Аманжол

атамыздың қолынан шықты деуге негіз бар. Екеуіне Бұқарбайұлы, біріне Аманжол, енді екеуіне сол кезде қалыптасқан төрттіппен А және Б дейтін инициалдар қойыла салған.

Газеттің Мәскеуден алдыртқан көшірме бетін басылымда, әсіресе мерейтойлық сандары мен жоғары аталған жинақтарда және кейбір тарихи мақалаларда талай бергенбіз. Бірақ газет жасаушылар қиып алып, оның тек жоғары жағын жариялап отырыпты. Мысалы, «Алғашқы редакторымыз» деген Е.Лұқпанов екеуміздің газеттің 70 жылдығына арналған санында (4.10.2001 ж.) жазған мақаламыздың етегін көмкергенбіз, сондағы кейіпкеріміздің «2-шахты август айында өндіріс үшін бәсебектерше күрессе алмады» және «12-шахты прогулмен бәсебекше күреспей отыр» (сол кездің орфографиясын сақтай отырып) деген мақалаларының бас тақырыптары ғана қылтынып тұр.

Ертеңіне Гүлнарға «Жүрегің мықты ма еді?» деп сұрап алдым да, «мен таптым атаныңқы матери-алдарын», деп алдына жайып сал-

дым. Гүлнардың қуанышында шек жоқ. «Бұл азық етеді. Алматыға бір барғанда 1932 жылдың тігінділерін ақтарып көрейін», деп уәде бердім. Уәдемді орындадым да. Сойтіп, барған сапарым сәтті болып, 1932 жылдың тігінділерінен көбінесе Бұқарбайұлы, сондай-ақ Аманжол, А.Б., Б.А. деп қол қойылған ірілі-ұсақты 55 материал тауып, тізімін Гүлнарға тапсырдым. Олар 1932 жылдың 6 маусымы мен 7 қарашасы аралығында жарияланған. Біразының ксерокөшірмесін түсіріп алдым (суретте), енді біразын телефонға түсірдім, бірақ сапасы нашарлау болды.

Енді Аманжол Бұқарбайұлы газетте қай уақыттан бері қаламгер ретінде жұмыс істеді дегенге келсек, газеттің барлық сандары сақталмағандықтан оны тап басып айту қиын. Ұлттық кітапханада 1931 жылы шыққан 12 саны және 1932 жылдың бастапқы айларының (20, 30 наурыз, 6 сәуір, 11 мамырдан басқа) сандары жоқ, тек 19 мамырдан бастап толығырақ тігілген, онда да кейбір сандары кездеспейді. Ал біздің кейіпкеріміз сақталып қалған сандарда алғаш рет 6 маусымдағы «Көпшілік жұмысының жандануына шахтқом, массабектер жауапты» және 10 маусымдағы «Қарақат жинау жоспарын көпшілік болып 100 пурцент орындайық» (сол кездегі орфографиясын сақтадық) деген мақалаларымен көрінген. Содан кейін газет бетінен түспей әр санына екі-үш мақала жариялап отырған, газет бригадасымен бірге үш-төрт рет рейдке де шыққан.

Мақалалары шахталардың өндірістік жоспарын орындауы, жұмысшылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы, бұқаралық-көпшілік жұмыстарды ұйымдастыру, кәсіподақ, комсомол ұйымдарының жұмысы, еңбектің өнімі, жұмыстың сапасы сияқты сол кездегі өзекті тақырыптарға арналған. Көмір өндіру мәліметін номер құрғатпай беріп отырған. Қарқаралының педтехникумын жақында ғана бітірген қыр баласының тез арада Арқа төсінде орныға бастаған алып өндірістің тынысын тап басып, қалай қадағалап отырғанына, алғырлығына таң қаласын, таланттына бас иесің. Тіл-

ші ретіндегі соңғы мақаласы 1932 жылғы 26 қыркүйекте шыққан екен («Шахтыны эксплуатацияға беру-ге дайындық жоқ»). Бұдан кейін газетте көрінбей кетеді де комсомол қызметкері ретінде 7 қарашадағы мерекелік номерге «Комсомол – екпінді құрылыс майданы» деген мақала жариялаған.

Аманжол ағамыз газеттің негізін қалаушы редактор Бәрі Мазитов, орынбасары Зияш Алдабергенов, классик-жазушы Жа-риланған. Біразының ксерокөшірмесін түсіріп алдым (суретте), енді біразын телефонға түсірдім, бірақ сапасы нашарлау болды.

Енді Аманжол Бұқарбайұлы газетте қай уақыттан бері қаламгер ретінде жұмыс істеді дегенге келсек, газеттің барлық сандары сақталмағандықтан оны тап басып айту қиын. Ұлттық кітапханада 1931 жылы шыққан 12 саны және 1932 жылдың бастапқы айларының (20, 30 наурыз, 6 сәуір, 11 мамырдан басқа) сандары жоқ, тек 19 мамырдан бастап толығырақ тігілген, онда да кейбір сандары кездеспейді. Ал біздің кейіпкеріміз сақталып қалған сандарда алғаш рет 6 маусымдағы «Көпшілік жұмысының жандануына шахтқом, массабектер жауапты» және 10 маусымдағы «Қарақат жинау жоспарын көпшілік болып 100 пурцент орындайық» (сол кездегі орфографиясын сақтадық) деген мақалаларымен көрінген. Содан кейін газет бетінен түспей әр санына екі-үш мақала жариялап отырған, газет бригадасымен бірге үш-төрт рет рейдке де шыққан.

Мақалалары шахталардың өндірістік жоспарын орындауы, жұмысшылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы, бұқаралық-көпшілік жұмыстарды ұйымдастыру, кәсіподақ, комсомол ұйымдарының жұмысы, еңбектің өнімі, жұмыстың сапасы сияқты сол кездегі өзекті тақырыптарға арналған. Көмір өндіру мәліметін номер құрғатпай беріп отырған. Қарқаралының педтехникумын жақында ғана бітірген қыр баласының тез арада Арқа төсінде орныға бастаған алып өндірістің тынысын тап басып, қалай қадағалап отырғанына, алғырлығына таң қаласын, таланттына бас иесің. Тіл-

Аман ЖАНҒОЖИН, Қазақстанның Құрметті журналисі, газет тарихын зерттеуші

«Әділ қоғамның» алғашқы қадамы



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы аясында Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхана жанынан ашылған «Әділ қоғам» кеңсесінде алғашқы мәдени-ағартушылық бағыттағы зияткерлік кездесу өтті. «Адалдықтың темірқазығы – Қаздауысты Қазыбек би» тақырыбымен өткен бұл шара қоғамда адалдық, әділеттілік, адамгершілік және азаматтық жауапкершілік құндылықта-рын насихаттауға арналған.

Жәлел ША.ІҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Кешке Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің тарих факультеті, археология, этнология және Отан тарихы кафедрасының профессор ассистенті, PhD докторы Нұртас Смағұлов арнайы қонақ ретінде шақырылды.

Спикер өз сөзінде Қаздауысты Қазыбек бидің тарихи болмысын, шешендік өнерін және қазақ қоғамындағы әділ сот жүйесінің қалыптасуына қосқан үлесін жан-жақты талдап берді.

– Қазақ халқының ұстанған басты құндылығы – әділет. Бұл қасиетті ұғымның негізін салып, оны нақты істерімен дәлелденген тарихи тұлғалардың бірі – Қаздауысты Қазыбек би. Ол әділдікті тек сөзбен емес, нақты шешімдерімен көрсете білген. Қазіргі қоғамға да Қазыбек билей парасат иелерінің өнегесі ауадай қажет, – деді Нұртас Бірлікұлы.

Кездесу барысында қатысушылар тарапынан сұрақтар қойылып, пікір алмасу ұйымдастырылды. Тақырып аясында әділ билік, ұлт бірлігі, шешендік өнердің төрбиелік маңызы туралы ой-пікірлер ортаға салынды. Кешке қатысушылар Қазыбек бидің нақыл сөздерін мысалға келтіре отырып, оның мұрасы бүгінгі ұрпаққа бағдар болатынын атап өтті.

Бұл кездесу – «Әділ қоғам» жобасының алғашқы қадамы. Жоба аясында

алдағы уақытта да түрлі тақырыптарда іс-шаралар, пікірталас алаңдары, кездесулер мен семинарлар өткізілмек. Жобаның негізгі мақсаты – қоғамда әділдікті пен адамгершілік қағидаттарын нығайту, өскелең ұрпақты ұлттық құндылықтар рухында тәрбиелеу.

Іс-шараны ұйымдастырып, жүргізген кітапхананың Әлқатану әдебиеттері бөлімінің меңгерушісі Сандуғаш Телпекбаеваның айтуынша, бұл кеңсенің ашылуы – рухани жаңғыру бағытымен үндесіп жатқан маңызды қадам.

– Қаздауысты Қазыбек би – әділет пен адамгершіліктің биік бейнесі. Біз «Әділ қоғам» кеңсесін ашу арқылы жастарға, оқырман қауымға сол тарихи тұлғалардың өнегесін жеткізуді мақсат еттік. Бұл – кездейсоқ тандалған тақырып емес. Елге тұтқа болған тұлғалар тағылымы – қазіргі қоғам үшін аса қажет рухани бағдар. Алдағы уақытта бұл кеңсе ашық диалог пен пікір алмасу алаңына айналып, түрлі форматтағы іс-шаралармен жалғасады, – деді Сандуғаш Орынбайқызы.

Сонымен қатар, кездесуде «Қазыбек би мұрасы – әділ қоғамның іргесі» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, Қазыбек би жайлы ғылыми еңбектер мен тарихи әдебиеттер қойылды. Қатысушылар көрмелен Қазыбек бидің өмірі мен қызметіне қатысты тың мәліметтермен танысуға мүмкіндік алды.

Өмірдің өзі – энергия

Қарағанды құю-машина жасау зауытындағы электрбайланыстың желілік құрылымдарын желіде таратушы электр жөндеуші Руслан Қасымжанов – көпке ұлгі жас маман. Ол Президенттің жұмысшы мамандарды қолдау жөніндегі бастамасының маңыздылығына тоқталды.

Ауылым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

– Мемлекет басшысының 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп жариялағаны жастарды техникалық мамандықтарға тартуға септігін тигізуде. Бұл бастама кәсіпке баулып, оның жолын табуға, еңбекке деген құрметті арттырады, – дейді Руслан Ербоғұлы.

Белсенді жастың айтуынша, әріптестері оның жұмыстағы бастамашылық қасиеті мен кәсіпқойлығын бағалайды. Сонымен қатар, жұмысшы жастар дамуына қолдау білдіріп, еңбек жолында жігерлендіреді. Дәл осы қасиеттер зауыт жастарының өз саласында көшбасшы болуына ықпал етуде.

– Таңмен зауытқа келіп, медициналық тексерістен өтеміз. Басшылықтан тапсырма алып, жұмысымыз бойынша жөндеу жүргіземіз. Байланыс құралдарынан ақау шықса дереу жөндеуге кірісеміз. Жұмысымыз бен қызықты тұсы әрбір телефон аппараты, модем, сымдардың ақауларын түрлі тәсілмен іздеп табу. Өріне, қиындығы да бар. Мәселен, ауа райына қарамастан жұмыс істеуіміз қажет, – дейді Руслан.

Біздің кейіпкер басты жұмысы ең алдымен қауіпсіздікпен байланысты екенін алға тартады. Өзі айтып өткендей, электр энергиясымен жұмыс істеу барысында қауіптерді болдырмау үшін мамандар арнайы қауіпсіздік шараларын үйретеді. Электр соғуынан, басқа тұйықталуынан, өрттен және басқа да төтенше жағдайлардан қорғану үшін олар техникалық құрылғыларды дұрыс пайдаланып, жүйенің жұмысын қадағалауды да үйренеді.

Оның сөзіне сүйенсек, электрмен жұмыс істейтін кез келген маман үшін қауіпсіздік – бірінші орында. Электр жөндеушінің жұмыс күні әрқашан қауіп-қатерге



толы. Электр тогымен байланыс жасау, оның ақауларын жөндеу – зор шеберлікті, білім мен жауапкершілікті талап етеді. Олардың жұмысы бүкіл қоғамның қауіпсіздігіне жауапты. Сондықтан, олар қауіпсіздік ережелерін мұқият сақтайды.

Электрмонтерінің жұмысы сондай-ақ адамның күнделікті тұрмысымен тығыз байланысты.

– Негізгі бағдарламашы-техник мамандығы бойынша білім алдым. Бұл салада байланыс электрмонтерінің де үлесі бар. Зауытқа байланыс жүйесін алып келу, интернетке қосуды жетік меңгердім.

Бұл мамандыққа қызығушылық танытқан адам алдымен электр жүйелері мен құрылғыларын терең меңгеруі қажет. Бұл



ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ

мамандық көптеген техникалық білім мен дағдыларды талап етеді. Мамандар арнайы оқудан өтіп, сапалы теориялық білім мен тәжірибе алады. Сонымен қатар, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуы үшін үнемі жаңашылдықты қабылдай алатын, инновациялық технологияларға бейім болған жөн. Тереңірек үңілсек, өмірдің өзі энергиядан тұрады, – дейді Руслан.

Қазіргі заман талаптарына сай, электрмонтерлер тек қарапайым электр құрылғыларын орнатып қана қоймай, заманауи технологияларды тиімді пайдаланып, қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуде. Кәсіби білім мен тәжірибені ұштастыра отырып, жаңа мүмкіндіктерге жол ашып, электрмен жабықтаудың болашақтағы тұрақты дамуына үлкен үлес қосады. Энергетика саласындағы кез келген жетістік – бұл ең алдымен, мамандардың еңбегі мен шеберлігінің нәтижесі.

– «Жұмысшы мамандықтарының жылында» жастардың еңбегі еленіп жатқаны қуантады. Оған қоса жастардың үйлі болуына жеткіздіктердің жасалуы, жұмысқа орналасуына қатысты мәселелер көтеріліп, шешімін табуда. Қоғамда жұмыссыз жүрген жастар саны азайып, іскер әрі белсенді замандастарымыздың саны артуда.

Қабілет пен қызығушылыққа сәйкес мамандық таңдау өте маңызды. Еңбекқорлық пен нақты кәсіби дағдылар бағаланса, қоғамда бұл идея насихаттала береді.

Осы орайда Қарағанды құю-машина жасау зауыты өндірісте еңбек нарығына қажетті кәсіби мамандар даярлауға бар күш-жігерін салып келеді. Теория мен тәжірибені тиімді үйлестірген жастар көп, – дейді Руслан Қасымжанов.

Сурет кейіпкердің мұрағатынан

• АГРОКЕШЕН

«Дамирдің» дәмі

Қарағандының ұны. «Дамир АА» кәсіпорнының тіл үйірет дәмі. Жиырма жыл уақыт. Нарық ығыстыра алмаған ырысы мол кешен. Тамақ өнеркәсіп индустриясының игілігін толық сезінген серіктестік. Италияның технологиясымен макарон өндіретін бірегей кәсіпорын. Ұнның түр-түрін шығаратын алпауыт диірмен. Әр үйдің асханасында бар дәстүр мен сапа үйлесімі. Біздің өңірдің брендіне айналған бірегей компания. Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Шағын және орта бизнес халықтың үштен біріне жұмыс тауып беріп отыр. Бір сөзбен айтқанда, оның ахуалы қандай болса – халықтың жағдайы да сондай» деп, кәсіпкерлерді қолдау қажеттігін атап өткен еді. «Дамир АА» Үкіметтің қолдауын сезініп, жеңілдетілген несие көмегімен, несібесін молайтқан кәсіпорын.

Қасымхан БҮРКІТҮЛІ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Дамудың» демеуі

«Дамир АА» ЖШС өнімі нарықты мойындатып отыр. 2002 жылдан бері Қарағанды облысы мен жақын өңірлерді сапалы ұн және макарон өнімімен қамтамасыз етіп келеді. Алғашқыда тонна-тонна ұн шығара бастаған зауыт басшылығы макарон өнімінің тапшылығын сезіне қойып, түрік технологиясын енгізіп, базасын жабдықтап, тәуекел етіп, алғашқы өнімдерін шығарады. Зауыт басшылығы Италияның «Fava» жабдықтарын алу үшін «Даму» қоғамдық қорынан 1 пайыздық мөлшермен несие рәсімдепті. Үкіметтің ең үлкен көмегін сонда сезіндік дейді. Осылайша, екі-үш мәрте «Дамудың» жеңілдетілген несие арқылы технологиясын жетілдіріп отырған көрінеді.

Сапа сағат сайын бақыланады

Кәсіпорынның өз зертханасы бар. Заманауи үлгіде жабдықталған. Келген астықтың сапасы тексеріледі. Астықты алқаптан тонна-тонна бидай тиеген жүк көліктерінен түтік бекітілген жабдықтап сынама алынады. Біреуі тексеріссіз өтпейді. Әлгі құрылғымен әр жерінен қаузап алынып, зертханаға келеді. Егер, зертхананың талабынан өтсе, онда дала дәмі бірден диірменге түседі.

Осы зертхананың қызметкері Саягүл Қасымбекова компания ашылғалы бері еңбек етіп келеді екен. Бағалы маман.

– Бидайды жан-жақты тексереміз. Дән сапасы, көлемі бойынша сұрыптталады. Зиянкестер мен өзге де кеселдерден амандығын анықтаймыз. Содан кейін қабылдау-қабылдамау туралы, қабылданса, сұрпына қарай қай қоймаға жөнелту туралы нұсқау береміз. «PFEUFFER HE 50» аппаратымен ылғалдылықты тексереміз. Ал, ұнның сапасы сағат сайын тексерістен өтеді. Егер, талапқа сай келмесе, өнім қайта өңдеуге жіберіледі. Өйткені, ең әуелгі міндет – азықтүлік қауіпсіздігі, – дейді зертхана меңгерушісі Саягүл Нығметқызы.

Өңір бидайын қабылдайды

Зертхана тексеруінен ойдағыдай өткен жүк көлігі таразыға тұрады. Таразыдағы мамандар көлікті өлшеп, өнім салмағын тіркейді. Таразыдан түскен көлік астық төгетін бункерге барады. Өрмен қарай дақыл конвейер арқылы кептіру қондырғысына жеткізіледі. Жалпы, элеватордағы жұмыс жүйесі толығымен автоматтандырылған.

Кәсіпорын бидайды сапасына қарай келісін 90-130 тенге арасында сатып алады. Көбіне Осакаров, Нұра аудандарынан алады. Ал, өңірдегі қоймалар түгесілген соң Павлодар, Қостанай өңірінің дикандарынан қабылдайды.

Осылайша, өңірдегі зауытта шығарылатын өнім аймағымызда өсірілетін жоғары сапалы астықтан дайындалады. Зауыт технологияларының айтуынша, өнімде бояғыш заттар, химиялық және өзге де зиянды қоспаларды мүлдем қолданбайды. Яғни, экологиялық таза, жүз пайыз табиғи өнім. Мұндағы бидайдан жасалған өнімдердің құрамында адам ағзасына қажет дәрумендер мен минералдарға бай.

Дәмді макарон – дастархан сәні

Макарон фабрикасының тәжірибелі технология Көріпжан Нығманов та кәсіпорын ашылғалы бері осында қызмет етіп келеді. Италиялық технологияны әбден меңгеріп алған. Өзі жауапты цехында 9 қызметкері бар. «Бір жақсысы, біз ұн өнімін өзіміз өндіреміз. Бірнеше сағат зертханадан әбден тексеріліп келген өнімдімізге аса қатты алаңдамаймыз. Өйткені, сапасына сөз жок. Дайын ұн макарон фабрикасына келеді. Арнайы бункерлерде сақталатын ұн електен өтіп, макарон дайындауға қажетті мөлшерде ұн алынады. Қамырды араластыратын машинаның ішінде ұн мен таза су араластырылып, қамыр жасалынады. Кейін



ол арнайы қалыптаманың ішінде қажет пішіндерге бөлініп, кептіріледі, салқындатылады. Дайын болған өнім әр түрлі пішіндегі қаптарға салынып, қоймаға жіберіледі», – дейді Көріпжан Мұғзарұлы.

Макарон фабрикасы тоқтаусыз жұмыс істейді. Барлық жүйе автоматтандырылған. Дайын өнім сақталатын, кептіріліп, салқындатылатын 8 бункер бар. Оның әрқайсысы 3-3,5 тоннадан.

«Дамир АА» макарон – ешқандай қоспасыз, консерванттарсыз, жүз пайыз табиғи өнім. Макаронның 12 түрі, спагеттидің 2 түрі, етке арналған кеспелер шығарады. Дайын өнім 8-10 минутта пісіп шығады. 400 грамнан бастап, 10 келіге дейін пакетке қапталыды.

Жұмыр кеспе, жіңішке жұмыр кеспе, кеспе, қысқа түтік

ұн тарту бөліміне кетеді. Wals аппараты арқылы кебекке, ұнға жібереді. Мен әр сағат сайын ылғалын, сапасын қадағалап отырамын. Зертханаға жіберемін», – дейді ұн фабрикасының технология Бакытжан Олжабеков.

Түркиядан алдырылған арнайы басқару штабы арқылы барлық жұмыс жүйесін қадағалауға болады. Бұл жерден аппараттардың жұмыс істеуін бақылайды. Қандай да бір құрылғы істен шықса, онда штабтағы сигнал арқылы бірден анықтап, ақауды жойып, қайта іске қосуға болады. Осылайша, тонналап ұн шығаратын кәсіпорын түрік технологиясы арқылы жұмысын жеңілдетіп отыр.

Қаптау цехында үш адам жұмыс істейді. 5 келіден 50 келілік қапқа қаптайды. Ал, 2 келілікті арнайы қағазға салады.

«Дайын ұн бункерден кеп



Қолжазба жасаған Аралшын Қолжазба

кеспе, иілген түтік кеспе, ерекше түтік және қаламұшты түтік кеспе, қабыршақты түтік, ұзыншаланған түтік, шыршықты түтік, жоңқаланған түтік, түтікшеленген түтік кеспе, түтікшеленген ұзын жұмыр кеспе, әуесқойлық кеспе және жайма шығарады.

Ұн фабрикасынан жоғарғы және бірінші сұрыптағы ұн шығады. Зауыт басшылығы көп ұзатпай тұтас бидай ұнының да технологиясын әкеліп енгізді. Құнары мол тұтас бидай ұны 2 келіден 25 келіге дейінгі қапқа қатталыды.

«Элеваторда орналасқан бункерлерде жоғары сұрыпты бидай кептіріліп, өндіріске әзірленеді. Әр екі сағат сайын шикізат сапа бақылауынан өтеді. Жоғары сапалы бидай кейін диірменге жіберіліп, бидайды қайта өңдеу процесі басталады. Өндірісте қолданылатын жоғары технологиялар бидайдың табиғи қасиетін толық сақтап қалады. Арнайы тазалау жүйесі пішіні, көлемі мен түсі өзгерген бидайды анықтап, тазартады, өндірістен алып тастайды. Осы сапалардан өткен бидай дәндері

біздің цехқа түседі. Оны әр мөлшерлі қапқа саламыз. Тігін машинасы қаптың аузын «сыр» еткізеді. Одан соң дайын қаптар таспа арқылы қоймаға тасымалданады», – дейді қаптау цехының маманы Мәншүк Зукан.

Өнімі өзге өңірлерде

Осындай түрлі макаронмен кеңінен танымал «Дамир АА» компаниясы өз клиенттері үшін жоғары сапалы өнімдерді ұсына отырып, Қазақстан нарығында 20 жылдан аса жұмыс істеп келеді. Астана және Алматы секілді ірі қалалардың дүкен сөрелерінде өнімдері бар. Павлодар, Жамбыл, Қызылорда, Ұлытау, Ақмола, Алматы секілді облыстарға да тонна-тонна өнімдерін жеткізеді.

Айтпақшы, жер-жерге жеткізу мәселесінде кедергі жок. Келісілген уақыттан кешіктірмей жеткізеді. Тауарын теміржол және жүк көліктері арқылы тасымалдайды. Зауыттан тікелей алып кететін де кәсіпкерлердің қатары көп. Ал, Қарағанды қаласындағы супермаркеттерге, базарлар мен дүкендерге кәсіпорынның 1,5 тоннадан 20 тоннаға дейін 12 жүк көлігі таратып, тасымалдайды.

Берекелі сауда табысты еселейді

«Біздің зауыт әйгілі Италияның технологиясымен жұмыс істейді. Екі жыл бойы Италияның мамандары келіп, орнатты. Жергілікті мамандарды да үйретті. Қазір де италиялық технологтармен онлайн жұмыс атқарамыз. 2009 жылы спагетти өндіретін жабдық сатып алдық. «Даму» қорының жеңілдетілген несиемен. Шатыспасам, шамамен 2,5 млн еуроға. Ал, екі жыл бұрын 25 тонналық түрік диірменін іске қостық. Технологиясы ата-бабаларымыздың тас диірмені сияқты. Соның арқасында тұтас бидай ұнын брендке айналдырып алдық», – дейді фабрика директоры Нұрлан Момынов.

Кәсіпорын басшысы Қарағанды бойынша 25 диірмен бар дейді. Біздің өңір ұн шығарудан үшінші орында. Сол себепті, сату мәселесі алдыңғы шепке шыққан. Сауда нарығын игеру үшін арнайы коуч сабағын сатып алған. Екі ай бойы оқып, нәтижесін іс барысында көреміз дейді.

Өзбекстанда өткен халықаралық көрмеде кәсіпорынның жоғарғы сұрыпты ұн мен макарон өнімі алтын медаль жеңіп алған. Алматы қаласында «FoodExpo Qazaqstan 2023» көрмесінде «Үздік өнім» номинациясы бойынша I орын алды. Былтыр да осы бір көрмеде үздік ұн өнімдері үшін тағы да I орынды жеңіп алған. Кәсіпорынның Еуразиялық экономикалық одақтың сәйкестік декларация сертификаты мен Қазақстан мұсылмандар діни басқармасының халал сертификаты бар.


Нөл пайыздық несие береді

Ұжымның жетпіс пайызы фабрика ашылғалы бері жұмыс



Еске алу

Аптығып айлар, жылжып жылдар өтеді. Міне, бүгін кеше ғана ортамызда жүрген апамыз Нәзия Ғадасқызы АЙТИМОВА өмірден өткеніне бір жыл толды.



Ақкөңіл-ең, әр кезде жарқылдаған, Туысқа да, досқа да аңқылдаған. Ортамызда жүруші-ең кеше ғана, Сағынышпен жүрекке салдың жара.

Еске алушылар: туыстары, немерелері

№259

• ЖОБА

Қарыздан құтқарады

Қарағанды облысында қарыз қамтынан құтылуға бағытталған «Қайта бастау» пилоттық жобасы өз нәтижесін беріп, енді аймақтың барлық өңіріне таралуда. Бұл бастама қаржылық тығырыққа тірелген ауыл тұрғындарына көмек емес, жана өмірге қадам жасауға мүмкіндік ұсынып отыр.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Экономикалық қысым мен әлеуметтік мәселелер ауыл тұрғындарын қиын жағдайға тірейтіні рас. Қаржы тапшылығы, несиелердің үсті-үстіне алынуы, жұмыссыздық сынды мәселе, осының бәрі адамдардың өміріне қиындық туғызады.

«Қайта бастау» жобасы – осындай қиындықтарда қалған адамдарға қаржылық сауат беріп, қарыз мәселесін шешуге, мамандық игеріп, еңбекке араласуға жағдай жасау мақсатында қолға алынған.

Пилоттық жоба алғаш рет Бұқар жырау ауданында жүзеге асқан. Жергілікті жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің мәліметінше, 500-ден астам ауыл тұрғыны жобаға қатысып, олардың жартысы қарызын толық өтеп үлгеріпті. Қалғандары несиесін қайта құрылымдап, соттан тыс банкроттық рәсімін бастаған және қарызды кезең-кезеңімен өтеу туралы келісімшартқа қол қойған.

Әр адамның басындағы несиемен байланысты мәселе әртүрлі. Жоба аясында көмек алғандар арасында бірнеше баласын жалғыз асырап отырған аналар да, жұмыссыз жүрген жастар да бар.

Мысалы, төрт несие бар, алты балалы жалғызбасты әйел жоба көмегімен әлеуметтік көмек пен тұрғын үй жәрдемін алып, қаржылық сауаттылық курсынан өтті. Одан бөлек, шаштараз мамандығын меңгеріп, енді тұрақты табыс тауып отыр.

Тағы бір мысал: студент ба-

лаларына көмектесу үшін несие алған көпбалалы ана. Қарызы аз болса да, жаба алмай қиналған. Жоба шеңберінде ол қоғамдық жұмысқа орналастырылып, алғашқы жалақысымен-ақ қарызынан құтылды.

«Қайта бастау» жобасы 90 күннен асып кеткен несие бар адамдарға бағытталған. Жұмыс бірнеше кезең бойынша жүргізіледі. Атап айтсақ, борышкердің жағдайын бағалау, тұрақтандыру, қаржы ұйымдарымен келіссөз жүргізу, қажет болса, банкроттық рәсіміне қолдау көрсету, жұмысқа орналастыру, кәсіп үйрету, қайта оқыту, психологиялық және құқықтық көмек көрсету.

Бұл жобаның шынайы мәні – қарызды жабуға емес, әр адамға аяғына қайта нық тұрып, өмірін өзгертуге күш беруінде.

Көптеген қатысушылар жобаның арқасында өз-өзіне сенімділік оралып, балаларымен қарым-қатынас түзеліп, болашаққа сеніммен қарай бастағанын айтып отыр.

«Қайта бастау» – үмітке толы екінші мүмкіндік. Ол адамдарға қиындықтан шығатын жолды нұсқайды.

Жоғарыдағы мысалдардан бастаманың ауыл тұрғындарына қалай нақты әсер еткенін, әлеуметтік өзгеріске қалай серпін бергенін көруге болады. Ендігі кезекте жобаның ел көлемінде кеңейіп, талай жанға жарық сәуле сыйлайтыны анық.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz

д



Электрондық пошта:
ortalyk.kaz@mail.ru

Суреттерді түсірген автор

• ТУРНИР

Мықтылар мәре сызығында жолықты

Қарағандыда бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің кәсіби мерекесіне орай дәстүрлі сипат алған Нұрмахан Оразбек атындағы ІІІ аймақтық бильярд турнирі өтті. Қазақ журналистикасының ардақты тұлғасының есімін иеленген бұл турнир жыл өткен сайын мазмұндық әрі ұйымдастырушылық тұрғыда жаңарып, маңызын арттыра түсуде. Биылғы бәсеке бұрынғысынан өзгешелеу өрбіді. Тастаяқ бәсекесіне аймақтың әр өңірінен жиналған одақ мүшелігіндегі 16 журналист қатысып, өзара мықтыны анықтады. Жарыстың салтанатты ашылуына журналистика саласының ардагерлері арнайы шақырылып, ізгі тілектерін арнады. Сонымен қатар, Қазақстан Журналистер одағының Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Жәнібек Садықанов бірқатар жас журналистке одақ мүшелігінің куәлігін салтанатты түрде табыстады. Азаматтық ұстанымы айқын, ел ішіндегі игі бастамаларға әрдайым қолдау білдіріп жүретін Боранбай Мұқаналиев бұл жолы да журналист қауымынан шет қалмады. «Мұқаналиев» шаруа қожалығының жетекшісі ретінде турнирге демешілік жасап, рухани шараның жоғары деңгейде өтуіне зор үлесін қосты.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тастаяқ түбіндегі тағылым

Бұл игі бастаманы «Saryarqa Aqparat» медиахолдингі дәстүрге арналдырып, тұрақты жалғастырып келе жатыр. Журналистер мерекесі қарсаңында сала өкілдерін бір арнаға тоғыстырып, құрмет көрсету де осы турнирдің басты мұратына айналды. Турнирдің ашылу салтанатында медиахолдинг директоры Қайрат Әбілда сөз сөйлеп, шараның мән-маңызына тоқталды. Әрі Нұрмахан Оразбектей көрнекті қаламгердің есімін ұлықтау арқылы жас журналистерге өнеге беру, журналистика саласындағы рухани сабақтастықты сақтау – бүгінгі буынның міндеті екенін атап өтті.

– Әуелі баршаңызды кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын! Дәстүрге айналған Нұрмахан Оразбек атындағы турнирдің үшінші мәрте өтіп жатқаны – бәріміз үшін қуанышты сәт. Ең басты мақсатымыз – осы бір аса кәдірлі тұлғаның рухына құрмет көрсету. Сонымен қатар, бұл шара арқылы журналистер арасында бильярд ойынын насихаттап, саламатты өмір салтын дәріптеу. Бүгінгі шараға арнайы уақыт бөліп, құрмет көрсетіп келген ардагер ағаларымызға алғысымыз шексіз. Бұл – жай ғана бильярд жарысы емес, ұрпақтар сабақтастығын жалғайтын, рухани байланыс

орнататын маңызды кездесу. Нұрмахан ағамыздың рухы шат, артында қалған аманаты мәңгілік болғай! – деді Қайрат Жүнісұлы.

Салтанатты жиында журналистиканың ардагерлері Сүйіндік Жанысбай, Серік Секенов және Валерий Петухов сөз сөйлеп, Нұрмахан Оразбек туралы жүрекжарды естеліктерімен бөлісті.

– Мен ол кісінің тікелей шәкіртімін десем, артық айтқаным емес. ҚазҒУ-де оқып жүргенімізде бір семестр «Аударма ісі» пәнінен сабақ өтті. Ол кезде бізге тәжірибелік сабақты Нұрмахан ағамыз жүргізді. Сол жылдары ҚазТАГ-тың бас директорының орынбасары қызметінде еді. ҚазТАГ-қа келген барлық аударма материалды өзі жасайтын. Таңғалатынымыз – көп адам секілді қағазға алдымен түсіріп, кейін редакцияламайтын. Қағазды қолына алып, мәтінді көз жүгіртіп оқып отырып, бірден аударатын. Ал, оның аузынан шыққан әр сөзді жанындағы қызметкерлер машинкамен сол сәтте басып отыратын. Сабақ кезінде де әр сұрағымызға байыппен жауап беріп, аударманың қыр-сырын үйретті. Кейін 1985 жылы партия мектебінде оқығанымда тағы да Нұрекеннен дәріс тындау бақыты бұйырды. Ал, 1988 жылы облыстық газетке бас редактор болып келгенінде оның тікелей қарамағында жұмыс істедім, – деді Серік Секенов.

Сонымен қатар, Жәнібек Садықанов



нов да сөз сөйлеп, турнирге қатысушыларға жылы лебізін арнады. Әрі бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің осындай игі шаралар арқылы бірлік пен шығармашылық байланысты нығайтып жүргенін атап өтті. Салтанатты шара барысында ардагер журналист Серік Секеновке, фотограф Валерий Петуховқа, облыстық «Сарыарқа» телеарнасының бөлім басшысы Ботабек Тілегеновке және «Life 09» ақпарат агенттігінің бас редакторы Аяжан Мақанға Қазақстан Журналистер одағының Құрмет грамотасы табысталды. Ал, ақпарат агенттігінің тілшілері Айлана Таңатар мен Ақсая Жалғас және оператор Нұртөлеу Екібайға Қазақстан Журналистер одағына ресми қабылданғанын растайтын мүшелік билеттерді табыстады.

– Масс-медияның баспалдағын 2015 жылы аттадым. Биыл тура 10 жыл болған екен. Қызмет еткен редакцияларымды санасам, 10 саусақ толып қалады. Life09 ақпарат агенттігінде екі тілде «Топ 7», «Тұлға», «Еңбек адамы», «Life айтады», «Saryarqa сөйледі», «Ne Angime» «Где, где в Караганде» жобаларын жасадым. Алды миллион қаралым, арты 30 мыңнан асып жығылды. Қазір медияның күші осы қаралым статистикасымен өлшенеді. Жас журналистерді қолдауға түрлі жағдай жасалған. Мереке қарсаңында осындай марапатқа ұсынып жатқан әріптестеріме алғыс айтамын, – деді Аяжан Ерланқызы.

Финалға дейінгі тартыс

Турнирдің бас төрешісі Актілек Жүнісов қатысушылар арасында жеребе тартып, арнайы турнирлік кесте құрды. Әрі ойыншыларды жұп-жұппен бөлді. Турнир көпшілікке «Американка» атауымен белгілі «Еркін пирамида» тәртібі бойынша өтті. Бұл тәртіп бойынша бильярд үстеліндегі 16 шардың кез келгенін соғып, лузаға түсіруге болады.

Ойын ережесіне сәйкес, әр жұп екі партия ойнайды. Жеңіске жету үшін ойыншы сегіз шарды лузаға дәл түсіруі керек. Егер екі ойыншы екі айналымда 1:1 есебімен тең түссе, шешуші үшінші ойын өткізіледі.

Алғашқы айналымнан-ақ жарыс тар-

тысты өтті. Қатысушылар барын салып, ойын шеберліктерін, дәлдік пен тактикалық ойлау қабілеттерін айқын көрсетті. Жасыл үстел үстіндегі әрбір соққы – олардың тек бильярдқа деген қызығушылығын ғана емес, жеңіске деген жігерін де байқатты.

Турнирдің жартылай кезеңінде шиеленісті сәттер ерекше көп болды. Бұл кезеңде Валерий Петухов пен Қайрат Әбілда бір сеткаға түсіп, финал жолдамасын сарапқа салды. Қос қарсылас та тәжірибелі, өз ойын мәнерін қалыптастырған ойыншылар. Валерий Петухов – бильярд үстелінің майталманы. Былтыр дәл осы турнирдің жеңімпазы атанған. Ал, Қайрат Жүнісұлы – қос колмен соққы жасаудың хас шебері. Ол да бұл бәсекеде біраз жылдан бері үздіктер қатарында. Айта кету керек, бұл екеуі бұған дейін де кездескен. Былтырғы сайыста Қайрат ағамыз Валерий Петуховқа жол берген еді. Алайда, бұл жолы ойын мүлде басқаша өрбіді.

ков пен облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің интернет-редакция редакторы Ильяс Мұқай өзара бақ сынасты. Екеуі де бильярдтан тәжірибесі мол. Михаил Бобажков түрлі жарыстарда шыңдалған ойыншы болса, Ильяс Дүнгенбайұлы – дәл осы турнирдің алғашқы чемпионы. Екеуі де бірінен бірі өтеді. Мүмкіндікті мүлж ібермейді. Екі ойынның қорытындысы бойынша 1:1 есебі тіркелді. Ал, үшінші айналым – ойын тағдырын шешеді. Жауапты сәтте Михаил Бобажков барынша жинақылық танытып, аз ғана шар айырмасымен жеңісті жұлпып әкетті. Осылайша, ақтық сында Қайрат Әбілда мен Михаил Бобажков жолықты.

Финал – нағыз финалға лайық болды. Екі мықтының тартысын жанкүйерлер демін ішіне тарта тамашалады. Әр сәт – шиеленіске толы, әр соққы – дәлдік пен шеберлікке негізделді. Кезең сайын шеңберге дәл түскен шарларға көрермендер қошемет білдіріп, қол соғып отырды.



Қайрат Жүнісұлы ширақ қимылдап, тактикалық тұрғыдан мүлтіксіз ойнады. Қарсыласына мүмкіндік бермей, қос партияда 2:0 есебімен айқын басымдықпен финалға жолдама алды.

Екінші сеткадағы жартылай финал да ұмытылмастай есте қалды. Бұл кезеңде ардагер журналист Михаил Бобаж-

Алайда, бұл күні Қайрат Жүнісұлының ойыны ерекше көзге түсті. Ол финалда Михаил Бобажковқа еш мүмкіндік бермей, екі партияда да сенімді жеңіске жетті. Осылайша, Нұрмахан Оразбек атындағы ІІІ аймақтық бильярд турнирінің чемпионы атанды.

Күміс жүлде Михаил Бобажковқа бұйырса, жүлделі ІІІ орынды ардагер журналист Валерий Петухов иеленді. «Шебер ойын көрсеткені үшін» деген арнайы номинация «Хабар» телеарнасының Қарағанды облысы бойынша меншікті тілшісі Руслан Тұрсынғалиевке табысталды. Ал, «Жеңіске деген жігері үшін» аталымындағы Қазақстан Журналистер одағының арнайы жүлдесі Балқаш қалалық «Балқаш өңірі» газетінің редакторы Қуаныш Аманқұловқа бұйырды. Сонымен қатар, «Saryarqa» телеарнасының тілшісі Мақсат Бейсенаев «Құрмет» грамотасымен марапатталды. Турнирге белсене қатысып, ойын өрнегімен жас әріптестеріне үлгі болған ардагер қаламгер Сүйіндік Жанысбайға Қазақстан Журналистер одағы атынан «Белсенді ардагер ойыншы» марапаты табысталды. «Үздік жанкүйер» аталымы журналист Әли Тойжігітке берілді.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



ORTALYQ
QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі

МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары
Оксана Вячеславовна МЯКИХ

Директордың орынбасары
Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJBKZXX БИН 000840001412

Тарапымы 4 729

№69 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Жансая ОМАРБЕК